**Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасы және Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 1 шілде N 911

"Елдегі жағдай, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа" деген Қазақстан Республикасы Призедентінің 1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 P980119_ қаулысымен бекітілген" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарына" сәйкес, сондай-ақ Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының шеңберінде инвестициялық саясатын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасы;

2) Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасында (бұдан әрі - Бағдарлама) және Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдар кезеңіне арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарында (бұдан әрі - Жоспар) көзделген іс-шараларды сөзсіз іске асыруды қамтамасыз етсін және есепті тоқсаннан кейінгі келесі айдың 5-ші күнінен кешіктірмей тоқсан сайын олардың орындалуы жөніндегі Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігіне ақпарат ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдардың Бағдарлама мен Жоспардың орындалуы жөніндегі қызметін үйлестіру, сондай-ақ осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 1 шілдедегі
N 911 қаулысымен бекітілген

# Қазақстан Республикасына тікелей инвестицияларды тартудың 1999-2000 жылдардағы кезеңіне арналған Бағдарлама

## Кіріспе

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 8 қарашадағы Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылған сәттен бастап (1999 жылдың 22 қаңтарынан бастап - Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі) елдегі инвестициялық ахуал жалпы бағалаулар бойынша оң жағына қарай өзгерді, бұған мемлекет басшысының белсенді қызметі, оның іскерлік ортаны жетілдіру мәселелеріне назар аударуы, қолайлы макроэкономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайдың сақталуы, экономикадағы құрылымдық реформалар, заңдардың дәйекті түрде жаңартылуы және т.б. жәрдемін тигізді. Әкімшілік реформалардың жалғастырылуы ерекше маңызға ие болды, оның ішінде экономиканың басым секторларына тікелей инвестицияларды тартуға жауап беретін мамандандырылған орган құрылды.

ЮНКТАД-тың деректері бойынша Қазақстан (Әзірбайжанмен бірге) Орталық Азияға келіп түскен барлық тікелей шетелдік инвестициялардың (ТШИ) 4/5 астамын алды. Бұл осы аймақтағы басқа елдерден едәуір ілгерілеу. Орталық Азияда бесінші жыл бойы ТШИ-дің өсуі байқалып отыр және ТШИ-дің көлемі бойынша қазірдің өзінде Батыс Азиядан асып түсті: бұл тиісінше 2,6 және 1,9 млрд. АҚШ доллары.

Тікелей инвестицияларды тартуға және оларға мемлекеттік қолдау көрсетуге

бағытталған инвестициялық саясаттың арқасында ұлттық экономиканың салаларының инвесторлардың арасында бұрын соншалықты тартымды болмаған салаларына капиталдың құйылуы біршама жанданды. Дәл осымен бір мезгілде инвестицияларды салуда инвесторлар дәстүрлі түрде үстемдік беретін мұнай-газ секторында ірі келісімшарттарға қол қойылды.

Елдің инвестициялық тартымдылығын нығайтуда ақпараттық-тұсаукесерлік сипаттағы іс-шаралар және мемлекет пен инвесторлардың арасында интербелсенді диалогтың тетіктерін құру аз рөл атқарған жоқ (Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлардың кеңесі; мемлекет басшысының жетекші инвесторларының ұдайы кездесулері; Инвестмемком ұйымдастырған инвесторлардың дөңгелек столдары; Алматы инвестициялық саммиті және т.б.).

Қол жеткен оң тенденциялардың таңдап алынған бағытты дәйекті түрде жалғастыру кезінде сақталынуы және нығаюы мүмкін екендігі өзінен-өзі белгілі, оның үстіне Азиядағы, Ресей мен Бразилияда болған қаржы дағдарысының салдарынан жалпы әлемдік инвестициялық процестер дамып келе жатқан рыноктарға, басым көрсеткіштер бойынша бұған сондай-ақ Қазақстан да жатады, инвесторларға деген сенімсіздіктің өсуін сипаттайтын қолайсыз серпінге ие болып келеді.

Бұдан басқа Қазақстанның негізгі экспорттық позициялары үшін әлемдік рынокта баға конъюнктурасының құлдырауының жағымсыз тенденциясы сақталынып отыр. Мейлінше теріс сценарий ретінде әлемдік мұнай рыногындағы белсенділіктің орташа мерзімдік құлдырауын шығарып тастауға болмайды, бұл көмірсутегі шикізатының қазақстандық кен орындарын игеру және оны сыртқы сату рыноктарына тасымалдау жөніндегі жобарларды іске асырудың қарқынына жағымсыз әсер етеді.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының басты ұзақ мерзімді басымдықтарының, шетелдік инвестициялар мен ішкі жинаулардың негізінде экономикалық өсуді көздейтін басымдықтарының бірін дәйекті түрде жүзеге асыру бірінші кезекте ішкі даму факторларымен талап етіліп отыр, олардың негізгілері бұрынғысынша ішкі жинаулардың тапшылығы және экономиканың накты секторына күрделі салымдардың көлемінің төмендігі болып қалып отыр.

Елеулі бюджеттік шектеулер Қазақстан Республикасының Үкіметіне бәрінен бұрын елдегі іскерлік және инвестициялық белсенділікті ынталандырудың мүдделеріне, өкінішке қарай зиян келтіретін фискальдық қысқа мерзімді міндеттерді және осыған орай экономикалық өсудің орнықты қарқынын қамтамасыз ету мақсатын шешуді талап етеді.

Осындай жағдайларда мемлекет шетелдік және отандық инвесторларға экономикалық өсуді қамтамасыз етуге және инвестициялардың құйылуын ынталандыруға, оның ішінде Қазақстан Республикасының инвесторларының алдында көрсетуге уәкілеттік берілген мамандандырылған мемлекеттік органның мәртебесін көтеру және өкілеттіктерін нығайту арқылы, бағдарды сақтау туралы анық белгі беруге

міндетті.

Экономикалық реформалардың жалғаса түсу процесінде тікелей инввестициялар саласында мемлекеттік саясатты жетілдіру мен оны дәйекті түрде жүзеге асыру үлкен мәнге ие болады. Дамудың қазіргі кезеңінде айтарлықтай инвестициясыз ұлттық экономиканы түбегейлі жаңғырту мен елдің негізгі салалары мен жекелеген аймақтарында сапалық өзгерістерге қол жеткізуді қамтамасыз ету мүмкін емес.

Қазіргі жағдайларда тікелей инвестициялардың құйылысы ішкі рынокты байытуға арналған жаңа тауарлар мен қызмет көрсетулерді ендіруді ұйымдастыруға, экспортты ұлғайтуға және импортты қысқартуға; қосымша жұмыс орындарын құруға; жаңа технологияларды, озық техника мен ноу-хауды игеруге; маркетинг пен менеджменттің озық әдістерін меңгеруге септігін тигізеді. Капиталдың құйылуының арқасында экономиканың салалық құрылымы өзгеруде, жаңа өндірістер мен тіпті тұтастай салалар көріне бастады. Бұдан басқа мемлекеттік бюджетті толықтыру үшін салық салынатын база кеңейе түсуде.

Айқын, тиімді және мемлекеттік органдар атқара алатын қатаң сақталынатын заңдармен ұштасқан либеральды инвестициялық саясат ұлттық экономиканы дамытуға тікелей инвестициялардың құйылуының өсуіне мейлінше қуатты ынталандыру болып табылады.

1999-2000 жылдар кезеңіне арналған Қазақстан Республикасына тікелей инвестицияларды тарту бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Президенттің 1998 жылғы 30 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауына, "Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан халқына 1998 жалғы 30 қыркүйектегі Жолдауында айтылғандарды іске асырудың іс-шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 қазандағы 1075 қаулысына және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998-2000 жылдарға арналған іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары туралы" Үкіметтің 1998 жылғы 19 ақпандағы N 119 қаулысына сәйкес әзірленді.

## 1. Тікелей инвестицияларды тарту саясатының тұжырымдамалық негіздері

### 1.1. Инвестицияларды тартудың негізі принциптері

Қазақстан Республикасына тікелей инвестициялар тарту мемлекеттің инвестициялық саясатының мынадай негізгі принциптерінің сақталуына негізделуі тиіс .

1. Тұрақтылық және болжамдылық. Елдің инвестициялық ахуалының сапасы көптеген инвесторалар үшін бірінші кезекте берілетін жеңілдіктер мен преференциялардың түрлерімен және мөлшерімен емес (олар практикада көбіне саяси

тәуекелдер үшін өзінше бір өтем болып табылады), әлеуметтік-саяси және макроэкономикалық тұрақтылықпен айқындалады. Мемлекеттік саясаттың тұрақтылығы, болжамдылығы және дәйектілігі инвестициялық жобарларды әзірлеу мен іске асыру үшін мейлінше қолайды жағдайлар жасайды. Халықаралық практика көрсетіп отырғанындай, экономиканы дамытуға тікелей инвестициялардың құйылысы бірте-бірте, елде тұрақтылықтың сақталуы мен нығаюына қарай, инвесторлардың инвестициялық қызмет үшін қолайлы жағдайлар жасалуына, мемлекеттік саясаттың болжамдылығының және оған деген сенімінің деңгейі артуына қарай өседі.

2. Инвестициялық қызметті реттейтін әлемдік стандарттарға жауап беретін айқын, ашық және бір мәнді құқықтық нормалар. "Ойын ережесі" барлық инвесторлар үшін айқын әрі түсінікті болуы тиіс. Оларда төрешілдік пен сыбайлас жемқорлықтың болу жағдайлары, сондай-ақ жеңілдіктер мен артықшылықтарды әділетсіз алудың мүмкіншілігі болмауы тиіс. Инвестицияларға кедергі келтіретін, өндірістің дамуына және сауданың дамуына кедергі келтіретін барлық бөгеттерді дәйекті түрде жою инвестициялық саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады.

3. Инвесторлардың заңды құқықтарын қорғау. Биліктің барлық деңгейлерінде инвесторлар құқықтарының мүлтіксіз сақталынуы мен қорғалуын қамтамасыз ету қажет. Инвесторлардың құқықтарына кез келген нұқсан келтіру елдің инвестициялық имиджінің және мемлекеттік органдарға деген сенімнің деңгейін төмендетуге алып барады. Шетелдік және отандық инвесторларға көмек пен жәрдем көрсетудегі негізгі рөл Қазақстан Республикасы инвесторлардың алдында көрсетуге уәкілеттік берілген бірден-бір мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігіне тиесілі. Сондай-ақ ішкі қор рыногында жұмыс істейтін инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және оларға барлық қатысушылардың елдегі қолданылып жүрген заңдарды сақтауы да маңызды мәнге ие. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясына айрықша рөл тиесілі.

4. Шетелдік және отандық инвесторлардың қызметі үшін тең жағдайлар жасау Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген, бірақ бұл принципті барлық орталық және жергілікті атқарушы органдар практикада дәйекті түрде сақтауы қажет. Инвесторлардың шыққан еліне қарамастан, жекелеген инвесторлардың пайдасына айырмашылықтар, артықшылықтар немесе үстемдік берілуі болмауы тиіс.

5. Келісімшарттар мен халықаралық келісімдердің шарттарын сақтау Қазақстан Республикасына деген сенім деңгейін арттырады және тікелей инвестициялардың құйылуының өсуіне жәрдемдеседі. Келісімшарттар мен келісімдерді кез келген негізісіз біржақты бұзу инвесторлардың тарабынан жағымсыз реакцияға алып келеді. Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, инвестициялық даулардың бастапқы себебі монополияға қарсы даулардың және Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қоғау тұрғысында

жекешелендіру келісімшарттарын жеткіліксіз тиянақтау, сондай-ақ инвесторларға ұйымдастыру және қаржы мүмкіншіліктері туралы кәміл емес мәліметтерді беруден б о л а д ы .

6. Тікелей инвестициялардың пайдалылығы және нәтижелілігі. Инвестор инвестицияларды кез келген инвестициялық жобамен жүзеге асыруға салынған пайда алуды көздеуге, оны Қазақстан экономикасын дамытуға еркін репатриациялауға немес қайта қаржыландыруға құқылы. Өз кезегінде Қазақстан Республикасы жаңа кәсіпорындарды ұйымдастыруға, тауарлар мен қызмет көрсетулерді өндіруді ұлғайтуға, қосымша жұмыс орындарын құруға, озық технологияларға, жаңа техника мен ноу-хауға қол жеткізуге, маркетинг пен менеджментті жақсартуға, салық салынатын базаны кеңейтуге мүдделі.

7. Экономиканың басым секторларына тікелей инвестицияларды ынталандыру. Жеңілдіктер мен преференциялардың жүйесі тікелей инвестицияларды, бәрінен бұрын ұлттық экономиканы жетілдіру, оның жұмыс істеуінің тиімділігін және бәсекелестік қабілетін арттыруға, сондай-ақ мемлекет пен қоғамның дамуының маңызды проблемаларын шешімі күтілетін салалар мен аймақтарды дамытуға салуды ынталандыруға арналған.

8. Ішкі қор рыногының ақпараттық ашықтығын және онда инвесторлардың түрлі топтарының қызметі үшін кең жағдайларды қамтамасыз ету.

9. Қоршаған ортаны сақтау. Жер қойнауын пайдалануға және тауарлар мен қызмет көрсетулерді дамытуға салынатын тікелей инвестициялар елдегі қалыптасқан экологиялық жүйені бұзуға апарып соқпауы тиіс. Қазақстандағы қоршаған орта аса жоғары әлсіздіктен зардап шегіп отыр. Сондықтан бақыланбайтын техногендік қызмет табиғаттағы нәзік тепе-теңдікті бұза алады. Қазақстанда инвесторлардың "лас" салалар мен өндірістерді орналастыруынан қорғаудың айрықша мәні бар.

## 1.2. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері мен басымдықтары

Әлемдік рынокта тікелей инвестициялардың бәсекелестігінің күшеюі, бюджет қаражаты мен ұйымдастыру мүмкіншіліктерінің шектеулілігі Қазақстан Республикасына тікелей инвестицияларды тарту бағдарламасын іске асырудың дұрыс мақсатын, басымдықтарын, міндеттері мен әдістерін таңдауды талап етеді.

Бағдарламаның мақсаты озық құрылымдық ілгерілеулерді қамтамасыз ету және Қазақстан экономикасын жаңғыртуды қамтамасыз ету, елдің экономикалық өсуінің орнықты қарқынына қол жеткізу мүддесінде тікелей инвестициялардың қуатты құйылуын қалыптастырудан тұрады.

Бағдарламаның негізгі міндеттері:

- жалпы инвестициялық ахуалды жақсарту;
- жаңа инвестицияларды тартуды жандандыру;

- инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың жүйесін жетілдіру болып табылады.

Әрбір міндеттің шеңберінде өзінің басымдықтары бөлініп көрсетіледі.

Инвестициялық ахуалды жақсарту инвестицияларды шетелдіктердің ғана емес, отандық инвесторлардың да экономиканың нақты секторына салуын тиімді ететіндей, шетелдік капиталдың құйылуына да, сондай-ақ ішкі капиталдың шет елге кетуін болдырмауына да жәрдемін тигізетіндей іскер ортаны қалыптастыруды талап етеді. Бұл үшін нормативтік құқықтық базаны, салық және кеден режимдерін, жұмыс күші рыногын, жер және жылжымайтын мүлік рыногын, көлік және коммуникациялық қызмет көрсетулер рыногын, банк және қаржы қызмет көрсету рыногын, іскерлік ақпаратты, әлеуметтік қызмет көрсетулер рыногын, сондай-ақ инвесторлар мен интербелсенді диалогтың тетіктерін одан әрі дамыту қажет.

Жаңа инвестицияларды тартуды жандандыру инвестицияларды тарту бойынша шараларды мақсатты қолдануға көшуді, инвестициялық ынтымақтастықтың екіжақты тетіктерін белсенді пайдалануды, жаңа инвестицияларға жәрдемдесу мақсатында халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдармен өзара іс-қимылды күшейтуді, жарнамалық-ақпараттық тетіктерді пайдалануды, инвестициялардың сыртқы рыногында жарнамалық-ақпараттық қызметтің тұрақты жұмыс істеуі мен жандандырылуын көздейді.

Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың жүйесін жетілдіру инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың заңдық базасын жақсартуға, тікелей инвестицияларды фискальдық ынталандырудың жүйесін жетілдіруге, мемлекеттің инвестициялық тәуекелдерді сақтандыру жүйесін құруға, мемлекеттің қаражатты жобарларды іске асыру үшін қажетті инфрақұрылымдарды құруға инвестициялаудағы жетекші рөлін орнықтыруға, "омбудсман" (1) функцияларын орындауға және инвесторлардың ағымдағы проблемаларын тиімді шешуге бағытталатын болады. Перспективалық бағыттардың бірі бағалы қағаздар рыногындағы қалыптасқан қатынастарды мемлекеттік реттеу жүйесін жетілдіру болуға тиіс.

Ескертпе 1: омбудсман - инвесторлардың заңды құқықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын және инвесторлардың заңды құқықтары бұзылған жағдайда орталық және жергілікті атқарушы органдардың актілерін тоқтата тұруға немесе олардың күшін жоюға өкілеттігі бар комиссия.

## 2. Жалпы инвестициялық ахуалды жақсарту

### 2.1. Құқықтық ортаны дамыту

Істі жай-күйі. Қазақстанда 1991 жылы мемлекеттік тәуелсіздікті жариялаған сәттен бастап бизнес пен инвестицияларға қажетті құқықтық базаның берік іргетасы жасалды. Оның негізінде мемлекеттік және жеке меншікті тең қоғауды, әрбірінің кәсіптік

қызметтің еркіндігі құқығын, өзінің мүмкін кез келген заңды кәсіпкерлік қызметі үшін еркін пайдалануды көздейтін конституциялық принциптер мен нормалар бар.

Өз мемлекетін қалыптастыру және нарықтық экономикаға көшу жағдайындағы елдің ұлттық заңдарына көптеген түзетулер көп жағдайда инвестициялық қызмет үшін құқықтық ортаны жақсартуға және мемлекеттік реттеудің тиімді жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Алайда, екінші жағынан, өте жиі түзетулер заң жұмысы сапасының, әсіресе оларды дайындау мен қабылдау сатысында сапасының жеткіліксіз деңгейде екендігін куәландырады. Нәтижесінде жетекші консалтингтік компаниялардың заңгерлері ғана емес, үкіметтік мекемелер де заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін барлық жаңа өзгерістер мен толықтыруларды дер уақытында ескеріп үлгермейді, бұл бизнес пен инвестициялар үшін қосымша проблемалар, қиыншылықтар туғызады.

Сондай-ақ елдің қолданылып жүрген заңдарымен белгіленген құқықтық нормаларды, әсіресе жергілікті билік органдарының деңгейінде сақтамау, бұрмалау, тіпті оларды бұзу елеулі проблемаға айналып отыр.

Қазақстанның сот жүйесі инвесторлардың арасында мейлінше төмен сенім деңгейін тудырады, олар даулы мәселелерді шешу үшін халықаралық төрелік органдарына өтініш жасауды дұрыс көреді. Мәселен, 1998 жылы шетелдік инвесторлар республиканың аумағында Қазақстанның инвестициялық ажарына жағымсыз әсер ететін бірқатар қақтығыстық жағдайлармен бетпе-бет келді. Мұндай жағдайлардың көпшілігіне оларды шешу үшін инвесторлар елден тасқарыдағы сот органдарына жүгінді.

Мақсат. Қабылданатын заң актілері сапасының деңгейін халықаралық құқық стандарттарына дейін арттыру және бұлардың елдің бүкіл аумағында үздіксіз атқарылуын қамтамасыз ету.

Негізгі іс-шаралар. Ел Парламентінің қарауында қазір Азаматтық кодестің Жалпы бөлімі жатыр. Оның қабылдауны мен барлық қатысушыларының теңдігін сақтау кезінде тауар-ақша және өзге де мүліктік қатынастарды жүргізу мен реттеуге арналған құқықтық негізді қалыптастыру процесі аяқталатын болады.

Алда лицензиялауға жататын кәсіпкерлік қызметтің түрлерін қысқарту, лицензияларды, визалар мен басқа да келісу және рұқсат беру құжаттарын алудың, жылжымайтын мүлікті тіркеу мен жер бөліп беру рәсімдерін, шетел азаматтарын тіркеу жүйесін оңайлату жөніндегі жұмысты жүргізу тұр.

Отандық және шетелдік инвесторлар қоғамдастығы үшін заң шығару процесінің транспаренттілігін қамтамасыз ету ісі тұр. Осыған байланысты заң жобалары мен инвесторлардың заңды құқықтары мен мүдделерін тікелей қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді міндетті түрде Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен келісу қажет деп ойлаймыз, ол оларды инвесторлардың

өздерінің пікірлерін тарта отырып, олармен интерактивті диалогтың түрлі тетіктері арқылы қарайтын болады.

Елдегі іскерлік және инвестициялық белсенділікті арттыру үшін қолданылып жүрген заңдардың құқықтық нормаларын іс жүзінде сақтау үлкен мәнге ие болып отыр. Осы мақсатта орталық және жергілікті атқарушы органдарда мемлекеттік қызметшілердің заң білімін арттыруға бағытталған жыл сайын жаңартылып отыратын арнаулы оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңдарының негіздерін білуге арналған аттестациялаудан өткізу қажет.

Экономикалық және инвестициялық дауларды өркениетті шешуді қамтамасыз етуге бағытталған сот жүйесін реформалауды жалғастыру ісі алда тұр.

Шетелдік инвесторлардың басым көпшілігі шешімдеріне сенетін халықаралық төрелік ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету қажет. Атап айтқанда, ИКСИД, ЮНСЙТРАЛ Конвенциясына сәйкес құрылған Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталықпен, Стогольмдегі Сауда Палатасының Төрелік институтымен және басқарлармен.

Инвестициялық дауларды шешу саласындағы халықаралық құқықтың қазақстандық судьяларын оқытуға және олардың біліктілігін оларды халықаралық төрелік ұйымдарында тағылымдамадан өткізуді ұйымдастыру арқылы арттыруға ерекше назар аудару талап етіледі.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі инвесторларға дауларды шешуге сотқа дейінгі тәртіпте жәрдем көрсетуді жалғастырады, өйткені соттық байыптаулар инвестор үшін де, сондай-ақ Қазақстан Республикасы үшін де жағымсыз.

Инвестициялық қызметті жүзеге асыру процесінде "мүдделердің қақтығысы" ретінде сипатталатын жағдай аз туындамайды, онда мүмкін болатын жағымсыз салдарына, қолдан жасалған кедергілерге немесе мүдделі ұйымдар мен лауазымды тұлғалардың заңсыз қысым көрсетуіне байланысты өзінің қызметін жалғастыру мүмкін болмай қалады. Қолданылып жүрген заңдардың шеңберінде мұндай жағдайларды шешудің рәсімдерін одан әрі пысықтау керек.

Монополияға қарсы заңдармен бірге тұтынушылардың құқықтарын қорғау, патенттер туралы, технологияларды сатудан, өзін өзі ақтамайтын бағаларды көтеруден немесе тіркеуден, сауда жасаушалардың құпия сөз байласуынан, тұтынушыларға қатысты нұқсан келтіруден, лицензиярдың құқықтарын бұзатын шектеулер белгілеуден , экспортты шектеуден, өнімнің лицензиясы бойынша шығарылатын өнімді көлемін және құрылымын шектелген, өзін өзі ақтамайтын келісімшарттардың мерзімдерінің ұзақтығынан және лицензиялық сыйақысының асыра көрсетілген ставкаларынан бас тарту болып табылатын әдеттегі қабылдауларды, ұлтаралық корпорациялардың практикасындағы шектеулік іскер практикасына қарсы құқықтық бақылау жүйесін жүргізу бөлігінде беру туралы заңдарды дамыту қажет.

Көптеген шетелдік және отандық инвесторлар жиі ұшырасып отыратын дәл сол бір құқықтық нормаларды әртүрлі оқуды болдырмау мақсатында барлық заңдарды ресми түсіндіру құқығын заң тәртібімен Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесіне бекітіп берген орынды болар еді.

## 2.2. Салық және кеден режимдерін дамыту

Істің жай-күйі. Салық режимі кез келген мемлекеттің инвестициялық ахуалының негізгі компоненттерінің бірі болып табылады. Қазақстан ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдар туралы" Заңды (бұдан әрі: Салық кодексі) қабылдады. Ол 1995 жылдың шілдесінен бастап қолданылып келеді. Онда республикалық және жергілікті бюджеттерге салықтар мен басқа да міндетті төлемдер белгіленген.

Қазақстанда қабылданған салық ставкалары бәсең және әлемнің көптеген басқа елдерінде кездесетін шектерде. Салық кодексі елдегі, оның ішінде инвесторлар мен жер қойнауын пайдаланушыларға арналған барлық салықтық қатынастарды реттейді.

Өткен кезеңде Салық кодексіне енгізілген тузетулердің көпшілігі оның жекелеген ережелері жетілдіруге бағытталды. 1997 жылы "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Заңның қабылдануына сәйкес Салық кодексіне экономиканың басым секторларына тікелей инвестициялар үшін салықтық жеңілдіктер енгізілді. Елдегі инвестициялық қызметтің дамуын тежеп отырған негізгі проблемалардың бірі ретінде көптеген инвесторлар қосылған құнға салынатын салықты (ҚҚС), салық органдарымен өзара іс-қимылдағы проблемаларды, олардың қызметкерлерінің қосарланған салық салуды болдырмау туралы Үкіметаралық келісімдердің ережелерін практикада қолданудағы тәжірибелерінің аздығын бөліп көрсетеді. Салық бойынша есептеме алуға әрекет қылу қиын болып табылады және жұмсалған күш-жігерге тұрмайды, нәтижесінде салықтық келісімдер шетелдік инвесторлар үшін өзінің мәнін жоғалтады.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заң (бұдан әрі: Кеден кодексі) 1995 жылдың шілдесінде қабылданды, ол елде кеден ісін ұйымдастыруды жақсартуға жәрдемдесті. "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Заңға сәйкес 1997 жылы Кеден кодексіне экономиканың басым секторларында инвестициялық жобаларды іске асыру үшін қажет жабдықтың, шикізат пен материалдың импортын кеден баждарын толық немесе ішінара салуды көздейтін ережелер енгізілді.

Алайда көптеген инвесторлар кеден рәсімдерінен өтудің проблемаларына душар болыр отыр. Көбіне олар кеден органдары түскен тауарды түсіруге және тиеуге мәжбүр ететін уақытша сақтау қоймаларына байланысты елеулі жоспарланбаған шығындары мен уақытын жұмсайды.

Мақсат. Қолданылатын ресімдерді оңайлату және салық және кеден органдарының қызметінде ашықтықты енгізу жолымен салық және кеден жүйелерін одан әрі

жетілдіру.

Негізгі іс-шаралар. Салық салудың ұлттық жүйесін оңайландыру және жетілдіру ісі алда тұр. Жаңғырту капиталдың барынша қайтарымдылығына кепілдік беретін салаларға кедергісіз құйылу мүмкіндігін, ҚҚС есептеу мен оны өтеудің тәртібін, сондай-ақ салықтық әкімшіліктендіру жүйесін жақсартуды қамтамасыз етуі тиіс.

Ресей Федерациясымен тағайындалған жері бойынша ҚҚС-ті есептеу мен төлеудің халықаралық принциптерін қолдану жөнінде келісімге қол жеткізілген кезде оны салықтың негізгі ставкасын төмендету жағына қарай қайта қарау орынды.

Салық заңын біржақты түсіндіруді енгізу мақсатында салық салу жөніндегі барлық нормативтік құжаттарды, оның ішінде нұсқамалық нұсқауларды қайта қарау алда тұр. Салық нысандары мен декларацияларды толтыру, салық салу мәселелері, салық салу жөніндегі нұсқамалық нұсқаулықтарға қол жеткізуді қамтамасыз ету жөнінде шетелдік және отандық инвесторлар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу ережелері бойынша қажетті нұсқаулықтар шығаруға едәуір маңыз берілетін болады.

Халықаралық салық құқығы бойынша арнаулы білім бағдарламасы талап етілетін халықаралық салық келісімдерін жасасуға және іске асыруға тікелей қатысушы әртүрлі мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілерін тарта отырып, қосарланған салық салуды болдырмау жөнінде үкіметаралық келісімдердің барлық шарттарын орындауды қамтамасыз ету алда тұр.

Міндетіне салық төлеушілердің мүддесін қорғау және олардың шағымдары мен мәселелерін қарау кіретін салық омбудсмандарын практикаға енгізу қажет. Олар директиваларды салық органдарына жіберуге, сондай-ақ салық төлеушілердің заңды мүдделерін қорғау мақсатында белгілі бір іс-қимыл қолдануға немесе қолданудан бас тартуға құқылы болады.

Салық әкімгершілігін жақсарту мәселесі жоғары білікті мамандардың салық қызметі жүйесіндегі жұмыс жағдайы кезінде шешіледі. Осыған байланысты салық органдарына жұмысқа адам алған кезде кейіннен нарықтық экономикадағы бизнес, инвестициялар және табыстар алу негіздеріне оқытуды ұйымдастыра отырып оларға білімдік және кәсіптік талаптарды арттыру қажет. Бұл процесс салық қызметіндегі қызметкерлердің дамыған елдерде тағылымдамасы бойынша бағдарламалар жүргізу жолымен едәуір жеңілдеуі мүмкін. Салық органдарына тәжірибелі, құзыретті және кәсібі мамандар тарту үшін бұл органдарда ең жоғары жалақылар белгілеу және әртүрлі қосымша ынталандырулар жасау қажет.

Төрелік соттардың салық аясындағы кез келген даулы жағдайларды шешуге қолдары жетуге тиіс. Сонымен бірге судьялардың біліктілік деңгейін көтеруді қамтамасыз ету қажет.

Кеден органдарының қызметін, кедендік тазартуды жүргізудің накты мерзімін, ішкі кеден қызметін тұтас бақылаудың накты жүйесін ұйымдастыруды, кеден

органдарының қызметшілеріне жалпыға бірдей жұмыс стандарттарын белгілеуді, еңбекке ақы төлеудің қолданылып жүрген жүйесін әзірлеу мен қабылдауды және қызметкерлердің жұмыс стандартарын бұзғаны үшін жаза қолдану шарасын енгізуді, кеден органдарының жеткілікті негізсіз кеденде жүктерді кідіртуі салдарынан инвесторлар шеккен залал үшін жауапкерлікті енгізуді қоса, жақсарту бағдарламасын әзірлеу талап етіледі.

Қазақстан аумағында тауарлар мен қызмет көрсетулердің экспорттық өндірісін дамытуда инвестициялар салудың пайдалылығын арттыру үшін сыртқы рыноктардағы сауда кемсітушілігін жеделдету мен шет елдегі қазақстандық экспортты қорғау үшін жалпыға бірдей құқықтық базаны қолдану айрықша маңызға ие болады. Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) тартуға сене отырып қазақстандық тауарлардың экспорты кезінде дау-жанжал жағдайларын шешу үшін осы ұйымның мүше-елдері үшін қолданылатын тәртіптің қатаң ережесін ұмытуға болмайды, шетел тауарларының нөпірінен ішкі рынокты қорғау үшін кедендік-тарифтік реттеу құралдарын қолдану мүмкіндігін едәуір шектей отырып, импортты реттеуге де міндетті түрде қолданылатын болады. ДСҰ-ға кіре отырып, Қазақстан біраз уақыттың ішінде, оның ұзықтығы келіссөздер барысында айқындалатын болады, импорттық бақылау тетігін, кеден тарифінің ставкалар деңгейін қоса, ДСҰ өлшемдеріне сәйкес келтіруге тиіс. Сондықтан Қазақстанннның ДСҰ-на табысты кіруі ішкі рыноктағы инвесторлардың ел эеономикасы мен қызметі үшін соңы елеулі насырға шабады. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің қатысуымен 1999 жылы ұлттық кеден тарифтері мәселелері бойынша инвесторлар арасында сұрау салу ниетінде.

ЕСКЕРТУ. 2.2.-тармағының 14-абзацы алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.06.19. N 921 қаулысымен. P000921_

## 2.3. Жұмыс күші рыногын дамыту

Істің жай-күйі. Қазақстандағы жұмыс күші рыногы сандық және сапалық көрсеткіштері бойынша инвесторлар үшін толық тартымды болып табылады. Қазақстанннның еңбек ресурстары халықтың сауаттылығы деңгейінің әлемдік стандарттары бойынша салыстыра қарағанда жоғарылығымен, әйелдердің жұмысқа қамтылуының жоғарылығымен, экономиканың секторлары бойынша жұмыспен қамтылғандардың ұтымды бөлінуімен ерекшеленеді. Қазақстанның негізгі артықшылығы тікелей инвестицияларды салатын аймақ ретінде жұмыс күшінің құнын салыстыра қарағанда төмен үйлесуімен оның үлесінің үлкендігін көрсетеді.

1998 жылы қабылданған "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" Қазақстан Республикасының жаңа заңы халықтың жұмыспен қамтылуы саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді. Атап айтқанда, ол жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік

саясаттың бағыттарын белгілейді; шетелдік жұмыс күшін әкелуге байланысты қызметті реттейді; жұмыс істеушілердің мемлекеттік жұмыспен қамту саясатын жүзеге асыруға қатысуының нысандарын, олардың міндеттері мен құқықтарын айқындайды.

Солай дей тұра, қазақстандық мамандардың біліктілік деңгейін одан әрі сақтау үшін арнаулы орта және жоғары білімнің проблемаларын шешу қажет.

Мақсат. Инвестициялық жобарларды іске асыру үшін жергілікті және шетелдік мамандардың арасынан инвесторлардың білікті персоналды қалыптастыруы үшін қолайлы мүмкіншіліктерді жасау.

Негізгі іс-шаралар. Нарықтық экономиканың талаптарын ескере отырып, жұмысшы мен жұмыс берушінің арасындағы еңбек қатынастарын реттейтін еңбек туралы жаңа заңды қабылдау керек.

Қазақстан Республикасының еңбек заңдары мен халықаралық келісімдердің талаптарын ескеретін жұмыскерлерді жалдау бойынша төрешілдік бақылауды азайту және инвесторлардың құжаттарды ресімдеу процесін оңайлату қажет.

Қазақстанға шетел күшін әкелу жергілікті жұмыс күшін толық түрде пайдалану үшін кедергілер келтірмеуге тиіс. Бұл үшін елдің аумағындағы жұмыс үшін Қазақстан Респбликасынан тысқары жерлерден жұмыс берушілердің жалдайтын шетелдік азаматтарды тартуына квоталар белгіленетін болады. Квотаны тұтастай және кәсіптік топтар бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін болады. Жұмыс берушілер шетелдік жұмыс күшін келісімшарттың мерзімі біткен бойда кепілдік және кепілдемелік жарналарын енгізу жолымен әкетуге кепілденетін болады, оларды төлеу тәртібі, шарттары мен мөлшерін Қазақстан Респбликасының Үкіметі белгілейтін болады.

"Шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған лицензия" және "нақты шетелдік қызметкердің жұмысына арналған жеке рұқсат" дегендерді қызметтің түрі ретінде түсінуге шек қою алда тұр.

Құжаттамалық қамтамасыз етуді оңайлату және лицензиялау процесінің ашықтығы мақсатында лицензияларды ресімдеу үшін ұсынылған құжаттар тізбесін қайта қарау алда тұр. Нормативтік құқықтық актілерді бірмәнді түсіну нысанасына лицензиялар берумен айналысатын қызметкерлерді оқыту және нұсқамалықтан өткізуді ұйымдастыру, лицензияларды ресімдеудің рәсімдерін жетілдіру және оның мерзімдерін қысқарту қажет. Жоғары білікті мамандар шақырылған жағдайда біліктілігі төмен жұмыс күшін әкелгені үшін өтемдік жарнаның мөлшері ұлғайтылатын болады. Қазақстанда жалдау қиыншылық тудыратын қызметкерлерді шақырған жағдайда жарна төлеуден бас тарту ісі тұр. Өтемдік жарналарды айтарлықтай төмендету жергілікті кадрларды кейін өздерінің кәсіпорындарына жұмысқа орналастыра отырып, оларды даярлау мен қайта даярлауға белсенді қатысатын компанияларға арналатын болады.

1999 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасынан жұмыс күшін әкетуге байланысты қызметті

лицензиялау туралы қаулысын қабылдау көзделіп отыр.

Ұлттық экономика инвестициялар мен жинақтаулардың көлемінің өсуіне ғана емес, мейлінше білімді қызметкерлерге де мұқтаж. Инвестициялар тек жеке капиталда ғана тез өсуді қамтамасыз етпейді: кез келген экономика білікті мамандарға мұқтаж. Американ экономистерінің бағалаулары бойынша жұмыс істеп жүргендердің біліміне және біліктілігін арттыруға арналған шығыстар дағдарысты ескере отырғанда, жылдық кірістің 10-15 % түрінде қайтарылады.

Инвесторлық визаны енгізу көзделініп отыр, ол шетелдік фирмалардың, компаниялардың, өкілдіктердің басшылары мен басшы буынға (басқармалар мен директорлар кеңестерінің мүшелері, бас менеджерлер) берілетін болады. Қазақстан Республикасына тарту үшін шетелдік жұмыс күшінің өкілдеріне тиісті лицензия талап етілетін, олар инвесторлық визаны алуға үміткер ретінде қаралмайды. Аталмыш визаны алудың негізгі шарттарының бірі Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің негізгі капиталға салынған инвестициялары туралы растауының болуы. Шетелдік компаниялар, бірлескен кәсіпорындар мен Инвестициялар жөніндегі агенттікпен келісімшарттар жасаспаған жеке кәсіпкерлер салған инвестициялары туралы құжаттық растайтын куәліктерін көрсететін болады. Инвесторлық визаның иелері паспорттық және кедендік бақылаудан өтудің оңайлатылған тәртібіне арналған құққа ие болады.

### 2.4. Жер және жылжымайтын мүлік рыногын дамыту

Істің жай-күйі. 1994 жылдан бастап Қазақстанда кәсіби бағалау қызметі қайта өркендеп келеді. Қазіргі уақытта мүлікті бағалаудың бірқатар мемлекеттік органдардың бағынысындағы ұйымдар айналысады. Олардың әрбірі бағалауды өздерінің жеке нормативтері бойынша жүргізеді, ал мұның нәтижесінде жылжымайтын мүлік әртүрлі бағалануы мүмкін. 1997 жылы Қазақстан Бағалаушылар ассоциациясы пайда болды, оның құрамына 200 мемлекеттік және тәуелсіз сарапшылар кірді.

Қазақстан Республикасында жер және жылжымайтын мүлік рыногы жеткіліксіз дәрежеде дамыған, бұл көп жағдайда жерге мемлекеттік меншіктің сақталуына байланысты болып отыр. Бұл сонымен бірге кепілдік қатынастардың дамуын тежейді. Нарықтық экономика жағдайында мейлінше бағалы кепіл болып табылатын жер әлі күнге дейін оны шаруашылық жүргізуші субъектілер қосымша инвестицияларды тарту және өздерінің жобаларын іске асыру үшін пайдаланбай отыр.

Мақсат. Жер және жылжымайтын мүлік рыногын дамыту.

Негізгі іс-шаралар. Жер қойнауына, жер учаскелеріне, интеллектуалдық және меншіктің басқа да түрлеріне нарықтық бағалау жүргізудің қажеттілігі пісіп-жетілді. Алайда бұл үшін бәрінен бұрын Қазақстан Бағалаушылар ассоциациясының қатысуымен құқықтық базаны жетілдіру мен дамыту талап етіледі. Атап айтқанда,

Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы жағымды, сондай-ақ мүліктің әр түрін бағалаудың ұлттық стандарттарын, әдістемелік нұсқауларды қабылдау керек, олардың жобалары қазіргі уақытта Үкіметтің қарауында жатыр.

Жер учаскесін кепілге беру құқығын қоса алғанда, жерге жекеменшік құқығын енгізу туралы заңдық шешім қажет.

Екінші деңгейдегі банктердің кепілдік қатынастардың тетігін, оның ішінде жерге және жылжымайтын мүлік объектілеріне қатысты дамыту ісін қолға алу керек. Фермерлерді, компаниялар мен басқа да ұйымдарды инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін кепіл мүлкін және жерді пайдалану тәсілдеріне оқыту жүйесін құру керек.

## 2.5. Көлік және коммуникациялық қызмет көрсетулер рыногын дамыту

Істің жай-күйі. Қазақстан аумағының өте ауқымдылығы инвесторларға арналған көлік және коммуникациялық қызмет көрсетулер рыногын дамытуға ерекше мән береді . Еуропа мен Азияның арасындағы республиканың транзиттік орналасуы тауарларды, жинақтаушы бұйымдар мен шикізатты халықаралық тасымалдау кезінде инвесторлардың шағындарын айтарлықтай қысқарту үшін керемет мүмкіндіктер жасайды. Көліктің теңіздік түрінің артықшылығын инвесторлар 1999 жылы Ақтау теңіз портын қайта жаңарту аяқталатын Каспий маңындағы аймақта пайдалана алады. Қазақстанда темір жол және автомобиль жолдары ерекше маңызды рөлге ие.

Алайда теміржол және автожол желілерінің сапалық сипаттары қазіргі уақытта халықаралық осы заманғы талаптарға жауап бермейді: жүрдек автомагистральдар өте аз, ал теміржол қайта жаңартуды талап етеді. Телефон желілерінің шамадан тыс жұмыс істеуі, телекстік және факсимильдік байланыстың әлсіз дамуы, ескірген жабдықтар инвестициялық қызметті жүргізу үшін қосымша қиыншылықтар мен проблемалар тудырады.

Мақсат. Шетелдік және отандық инвесторларға халықаралық сандарттарға сәйкес көлік және коммуникациялық қызмет көрсетулердің толық және сапалық жиынтығын ұсыну.

Негізгі іс-шаралар. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі мен жергілікті атқарушы органдар Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен бірлесіп, инвесторлардың талаптары мен сұрау салуларын ескере отырып, көліктік және коммуникациялық қызмет көрсетулерді ұйымдастыру жөнінде шаралар қолданады. Жол шаруашылығын технологиялық қайта жарақтаудан басқа көлік және коммуникация желілерін Астанаға жалпы қайта бағдарлау және инвесторлардың Қазақстанның транзиттік мүмкіншіліктерін неғұрлым толық пайдалану үшін Батыс-Шығысқа бағыттау қажет. Сервис деңгейін мақсатты

түрде көтеру, жолаушыларға қызмет көрсету кезінде мемлекеттік және орыс тілдерімен бірге халықаралық іскерлік ортада кең таралған ағылшын және басқа да шетел тілдерін мейлінше балсенді пайдалану қажет. Бұл үшін көліктік және коммуникациялық қызмет көрсетулер рыногында жұмыс істейтін ұйымдардың қызметкерлерін оқытудың арнаулы бағдарламалары талап етіледі.

## 2.6. Банктік және қаржылық қызмет көрсету рыногын дамыту

Істің жай-күйі. Қазақстанның банк жүйесі соңғы жылдары реформалау процесінде бірте-бірте банктік қызмет көрсетудің халықаралық стандарттарына көшіп келеді. Қазіргі уақытта қазақстандық банктер өздерінің клиенттеріне есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетуді, несиелеуді, түрлі халықаралық операцияларды, бағалы қағаздармен мәмілелерді, депозиттерді орналастыруды, құжаттарды сейфтік сақтауды, қолма-қол ақша мен құндылықтарды және басқа да қызмет көрсетулерді жүзеге асыруда.

1997 жылы банктік заңдарға банктерді депозиттік және инвестициялық деп бөлудің күшін жойған өзгерістер енгізілді, нәтижесінде банкті ұйымдастырудың әмбебап мекемелер болып табылатын "герман моделі" деп аталатын модель қабылданды.

Қаржы ресурстарының шектеулілігі екінші деңгейдегі банктерге нақты экономикаға инвестиция жасау үшін ірі және ұзақ мерзімді несиелер беруге мүмкіндік тудырмайды. Дегенмен, жетекші банктер банктік қызмет көрсетулердің кең ауқымын ұсынып отыр, қысқа әрі орта мерзімді несиелер бойынша тіпті ставкалар инвестициялық қызметті жандандыру үшін тым жоғары күйінде қалып отыр. Сондықтан активтерді орналастыру кезінде мемлекеттік бағалы қағаздарға және шетел валютасымен операцияларға қаражат салу бұрынғысынша үстем күйінде қалып отыр. Солай дей тұра, қаржылық тұрақтану және дағдарыстың күрт төмендеуі соңғы жылдары қазақстандық банктерге инвестициялық жобаларды қаржыландыруды бастауға мүмкіндік берді.

Инвесторлар үшін қаржылық есептің сыртқы аудитінің қалыпты жүйесі инвестицияларды салудың бағыттарын таңдаудың негізгі факторларының бірі болып табылады. 1998 жылы Қазақстанда жалпы қабылданған халықаралық стандарттарға сәйкес келетін бухгалтерлік есеп пен аудиттің жаңа стандарттары жұмыс істеуін бастады.

Мақсат. Инвесторларға халықаралық стандарттарға сәйкес қажетті банктік және қаржылық қызмет көрсетулерін еркін алудың мүмкіншіліктерін ұсыну.

Негізгі іс-шаралар. Банк жүйесін одан әрі реформалау, екінші деңгейдегі банктердің халықаралық стандарттарға (Базель нормалары) қол жеткізу ісі тұр. Корреспонденттік және несиелік қатынастарды, несиелік картішкелер жүйесін, сондай-ақ қазақстандық банктердің шетелдік банктермен және сараптық-сақтандыру агенттіктерімен (COҒACE, YERMES, US EXIM) іскерлік ынтымақтастығын дамыту қажет.

Мемлекеттің алдында банк жүйесімен бірге тауарлар мен қызмет көрсетулер

өндірісін инвестициялауға арналған қаржы ресурстарын жинауды көтермелеу мен ынталандырудың тиімді жүйесін құру ісі тұр. Бұл ретте банк процентінің нақты оң ставкасын қамтамасыз ету, теңгенің айырбас бағамының болжамдылығын мақтау, бағалы қағаздар рыногы мен валюталық рыноктағы операцияларды жүзеге асыруға қарағанда экономиканың нақты секторында несиелік ресурстарды пайдаланудың жоғары тиімділігін қамтамасыз ету маңызды.

Халықтың, кәсіпорындар мен ұйымдардың Ұлттық Банк жүйесі арқылы қаражатты қайтарудың сенімділігінің жоғары деңгейінде инвестициялық жобаларды іске асыруға басы артық капиталдарын тарту мен белсенді салудың жүйесін құру қажет. Бұл үшін қазақстандық банктердің халықаралық стандарттардың деңгейіндегі жоғары тиімді жұмысы, банк менеджментін жақсарту және көрсетілетін қызметтердің сапасын, әсіресе инвестициялар саласында жақсарту, көрінеу әлсіз жобаларды қаржыландырудан бас тарту, банк шоттарындағы инвестициялық жинауларды ынталандырудың жаңа әдістері мен тәсілдерін іздеу талап етіледі. Банк жұмысын жақсартпай банктерге деген сенімнің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мүмкін емес, демек бұл елдің ішкі инвестициялық ресурстарын ірі көлемде жұмылдыру деген сөз. Жобалық қаржыландыруды дамытудың қабылданымды жолдарының бірі Қазақстан банктерінің төмен капиталдануы жағдайында несие ресурстарын, шетелдіктерді қоса алғанда, тәукелдерді басқа тәукелдерді бөле отырып басқа банктермен синдицияланған негізде несие ресурстарын беру болып табылады. Бұл инвестициялық ресурстардың көлемінің жобасын іске асыру үшін қажетті жұмылдыруға ғана емес, тәжірибемен және ақпаратпен алмасуға мүмкіндік береді. Кейін оларды кірістерді қайтару мен алудың кепілдік берген принциптерінде ұлттық экономиканы дамытуға инвестициялау үшін уақытша басы артық ақша қаражатын жинақтайтын инвестициялық банктерді, қорлар мен компанияларды, зейнетақы қорларын, қаржы институттары ретінде сақтандыру компанияларын дамытуды қамтамасыз етуі керек. Уақытша басы артық қаржы ресурстарының тез өсіп келе жатқан кәсіпорындарға және олардың жобаларына инвестициялауға құю халықаралық талаптар ескеріле отырып кооперативтік бағалы қағаздар рыногының дамуына жәрдем тигізетін болады.

Халықтың екінші деңгейдегі банктерге деген сенімінің деңгейін арттыру үшін банк салымдарының өсуін ынталандыру және инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған несие ресустарын көбейту үшін жеке тұлғалардың сақтандыру депозиттерінің тетіктері мен тәсілдерін әзірлеу орынды болады, сондай-ақ банк депозитінде ақшаны орланастыру жағдайында банкке салық декларациясын ұсыну талап етілетін кезде оның деңгейін көтеру қажет.

Қазақстан экономикасының инвестициялық тартымдылығын арттыру, шағын және орта бизнесті дамыту, банктердің салымшылардың арасында беделін күшейту мақсатында Қазақстан Республикасы бухгалтерлерінің қоғамдық бірлестігін, кәсіби бухгалтер мен аудиторларының қоғамдық институтын және Қазақстанның аудиторлар

палатасын қатыстыра отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің "Бухгалтерлік есеп туралы" Заңына өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеу және енгізу қажет.

## 2.7. Іскер ақпарат рыногын дамыту

Істің жай-күйі. Қазақстандағы іскерлік ақпарат рыногы ақпараттандырудың бастапқы деңгейінде тұр. Қазіргі уақытта республика аумағында инвестициялық қызметтің әртүрлі аспектілері бойынша анықтамалық, коммерциялық, талдамалық, статистикалық, болжамдық, әлеуметтік және өзге де ақпараттық материалдарды ұсыну жөнінде қызмет көрсетулер жеткіліксіз дамуда. Шетелдік және отандық инвесторлар көбіне іскерлік ақпаратының шамадан тыс жабықтығына немесе оған шектеулі қол жеткізудің болуына тап болады.

Мақсат. Инвесторлардың Қазақстандағы инвестициялық мүмкіншіліктер туралы кәміл, жедел және сапалы деректерді ұлттық қауіпсіздік талаптарын сақтауды, мемлекеттік және коммерциялық құпияларды сақтай отырып алуы үшін іскерлік ақпараттың бәсекелесті рыногын құру.

Негізгі іс-шаралар. "Шетелдік инвестициялар туралы" заңға сәйкес инвесторлардың шетелдік инвестицияларға қатысты барлық нормативтік актілерге, сот шешімдерін, сондай-ақ заңды тұлғаларды тіркеу туралы, олардың жарғылары туралы, жылжымайтын мүлікпен жасалынатын мәмілелерді тіркеу туралы, коммерциялық құпия болып табылатын ақпаратты қоспағанда, берілген лицензиялар туралы ақпаратқа қолының жетуін қамтамасыз ету керек. Жұмыс істеп тұрған ғылыми-зерттеу, консалтингтік және өзге де делдалдық ұйымдар инвесторларға олардың сұрау салуларын ескере отырып берілетін іскерлік ақпараттың сапасы мен сенімділігін елеулі түрде арттыруы керек.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар инвесторларға олардың сұрау салулары мен талаптарына сәйкес түрлі ақпараттық қызмет көрсетулерді ұсынуға қабілетті шағын және орта кәсіпорындардың базасында жаңа ақпараттық бизнес орталықтары мен зерттеу ұйымдарын қалыптастыру мен дамытуға жәрдем көрсетуі тиіс. Бұл әсіресе инвестицияларды салу үшін тартымды болып табылатын аймақтарда маңызды. Бәрінен бұрын оларға арнайы экономикалық аймақтар жатады.

Инвесторларды елдегі жағдайлар мен болып жатқан оқиғалар туралы жедел ақпараттық қамтамасыз ету үшін бұқаралық ақпарат құралдарының ашықтығы мен тәуелсіздігін қамтамасыз ету, олардың арасында салауатты бәсекелестікті дамыту, жаңа ақпараттық технологиялар мен желілерді, оның ішінде "Интернеттің" кең ауқымды ақпараттық желісін пайдалану кең ауқымға ие болады.

Инвесторларға іскерлік ақпаратты беру кезінде мемлекеттік және орыс тілдерімен бірге инвесторлардың ұлтын ескере отырып ағылшын, неміс, француз, жапон және басқа да шетел тілдерін мейлінше белсенді пайдалану қажет.

## 2.8. Әлеуметтік қызмет көрсетулер рыногын дамыту

Істің жай-күйі. Қазіргі уақытта Қазақстанда 365 отель жұмыс істейді, оның 28-і Алматыда. Елде 400-ден астам туристік компания жұмыс істейді. Олар жыл сайын 40 млн. доллар шамасы көлемінде қызмет көрсетулер ұсынады. Бұл ретте шетел туристерін қабылдау туристік қызмет көрсетулердің бар болғаны 30%-ін құрайды. Туризмнің инфрақұралымының дамуының жеткіліксіз деңгейінің, объектілер және оларда болу үшін олардың дайындалмағандығы туралы ақпараттың болмауымен түсіндіріледі.

Статистиканың деректері бойынша 1996 жылы Қазақстанға 120 мың шетелдік, оның ішінде 13 мың турист алыс шетелден және 10,5 мың турист ТМД-дан келді. 1997 жылы 285 мың шетелдік келді, оның 20 мыңы - алыс шетел туристері және 7 мыңнан астамы - ТМД-дан. 1998 жылы республикаға келетін шетелдіктердің саны 300 мың адам болады деп, оның ішінде алыс шетелден 32 мың, ТМД-дан 6 мың болады деп күтіліп отыр.

Тұтастай алғанда Қазақстандағы әлеуметтік қызмет көрсетулер рыногы әлі де жеткілікті түрде дамымаған және халықаралық талаптарға жауап бермейді.

Мақсат. Қазақстан Республикасында инвесторлардың тыныс-тіршілігі үшін жоғары жайлы-жақсы жағдайларды қамтамасыз ету және елдің өзінің табиғи бітімімен және қонақжайлылығымен тартымдылығы деңгейін көтеру үшін әлеуметтік қызмет көрсетулер рыногын дамыту.

Негізгі іс-шаралар. Республиканың шетелдік инвестицияларды салу үшін мейлінше қызығушылық тудыратын бірқатар аймақтарында халықаралық сыныптағы отелдерді одан әрі дамытуға жәрдем көрсету. Бәрінен бұрын Астанада, Алматыда, Батыс Қазақстанда, Шығыс Қазақстанда, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтарда.

Инвесторлардың Қазақстанға назарын аудару мүддесінде қонақ үйлер қызмет көрсетуін, пәтерлерді жалға алуды, сондай-ақ коттедждер мен басқа да тұрғын үй-жайлардың құрылысын салу, сату-сатып алу бойынша қызмет көрсетулерді қоса алғанда, тұрғын үй рыногында салуатты бәсекелестікті дамыту қажет. Сондай-ақ халықаралық стандарттар деңгейінде мектепке дейінгі балалар мекемелерін, орта және жоғары оқу орындарын дамыту ісін қолға алу керек.

Инвесторларды тарту үшін бос уақытты, түрлі ойынсауықтар индустриясын, халықаралық туризмді, аң аулау және балық аулау саласын қалыптастыру мен дамытудың ерекше мәні бар. Сондай-ақ елдің ішінде де, сол секілді шет елде де қазақтар мен Қазақстанда тұратын басқа да халықтардың тарихын, ұлттық дәстүрлер мен рухани мәдениеттерінің ерекшеліктерін жақсы түсінуге мүмкіндік беретін түрлі мәдени, танымдық және өзге де шараларды өткізудің мәні аз емес. Өзіндік табиғи кәсіпшіліктерді: ұста және тері илеу ісі, ұлттық кәде-сыйларды дайындау және т.б. қайта өркендету мен дамытуға қолдау көрсету керек.

1998 жылы "Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендету, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабақтастыра дамыту, туризмнің инфрақұрылымын құру" мемлекеттік бағдарламасы бекітілді, оны екі кезеңде жүзеге асыру көзделіп отыр. Бірінші кезеңде (1998-2003 жж.) 88 кешенді қамтитын Алматы, Тараз және Түркістан этникалық-мәдени ареалдарының тарихи орталықтарын қамтитын басты халықаралық трассаның объектілерінде құрылыс салу мен қайта жаңарту жұмыстары жүргізіледі. Жұмыстардың есептік құны 348,3 млн. долларды құрайды. Үшарал-Қорғас-Жәркент-Алматы-ТаразШымкент-Түркістан трассасын қайта жаңарту 1 млрд. доллар мөлшерінде бағаланып отыр. Екінші кезеңде (2003-2012 жж.) мұндай іс-шаралар Арал маңындағы объектілерде, Маңғыстау, Орталық және Шығыс Қазақстанда тарихи объектілерде жүргізілетін болады. Бағдарламаға жалпы құны 19,5 млн. доллар болатын 20 кешен енгізілген. Жолдарды қайта жаңарту 469 млн. долларды құрайды. Бағдарламаны іске асыруға арналған қаражаттың 70%-тен астамы шетелдік инвесторлардың есебінен тартылатын болады.

Шетелдік инвесторларға әлеуметтік қызмет көрсетулерді ұсыну кезінде мемлекеттік және орыс тілдерімен бірге және басқа да шетел тілдерін мейлінше белсенді пайдалану қажет, ол үшін қызмет көрсететін персоналды тиісті тілдік даярлау талап етіледі.

Шетелдік және отандық инвесторларға Қазақстан аумағында қауіпсіздікті қамтамасыз етудің үлкен мәні бар.

## 2.9. Инвесторлармен интербелсенді диалогтың тетіктерін дамыту

Істің жай-күйі. Инвесторлармен интербелсенді диалогтың негізгі тетіктері қазіргі уақытта: Алматы инвестициялық саммиті; Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлардың кеңесі; шетелдік инвесторлардың қатысуымен Қазақстан Республикасының Инвестиция жөніндегі агенттігі ұйымдастыратын дөңгелек столдар; іскерлік кездесулер мен келіссөздер болып табылады. Мемлекеттік органдардың инвесторлармен өзара іс-қимыл жүйесіндегі басты буын "Қазақстан инвестициялық саммиті" халықаралық форумы болды, ол 1997-1998 жылдар кезеңінде Алматы қаласында екі рет болды. Егер оның бірінші форумында оны жұмысына 60 ірі шетелдік компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың өкілдері қатысқан болса, ал екінші форумда - 163 шетелдік компаниялардың, бірлескен кәсіпорындар мен консалтингтік ұйымдардың 163 өкілі қатысты.

1998 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлардың кеңесі құрылды, оның құрамына Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін ірі шетелдік компаниялардың, банктер мен халықаралық консалтингтік ұйымдардың өкілдері енді. Шетелдік инвесторлар кеңесінің бірінші мәжілісі 1998 жылғы 25 қыркүйекте Алматы қаласында болды. Шетелдік инвесторлар кеңесінің бірінші мәжілісі 1998 жылғы 25 қыркүйекте Алматы

қаласында болды. Қазақстан Республикасында инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі оның ұсыныстары мен ұсынымдары ескеріле отырып, заңдар; салық салу; инвесторлардың ағымдағы қызметі және Қазақстан Республикасының инвестициялық ажарын арттыру мәселелері бойынша төрт бірлескен жұмыс тобы құрылды.

1998 жылдың ортасынан бастап бұрынғы Инвестмемком орталық және жергілікті атқарушы органдар мен консалтингтік фирмалардың өкілдерінің қатысуымен дөңгелек столдарды жүргізу практикасын енгізді. Осы уақытқа дейін жер қойнауын пайдалану және Қазақстан Республикасына шетел жұмыс күшін әкелудің тәртібі саласындағы нормативтік құқықтық базаны жетілдіруге арналған дөңгелек столдардың үш мәжілісі өткізілді.

Мақсат. Инвесторлармен тікелей диалогті одан әрі дамыту және кері байланыс арналарының алуан түрін кеңейту.

Негізгі іс-шаралар. 1998 жылдан бастап Алматы инвестициялық саммитін жыл сайын ұйымдастыру және өткізу ісі қолға алынбақ, оның жұмысына Қазақстандағы жұмыс істейтін инвесторлар, сондай-ақ жаңа мүмкін шетелдік инвесторлардың кең ауқымы қатысатын болады. Саммиттің шеңберінде Қазақстан Республикасындағы инвестициялық мүмкіншіліктер туралы көрмелерді және қаржыландыруды талап ететін инвестициялық қазақстандық жобаларды тұсаукесерлерін, сондай-ақ жекелеген жобалар бойынша тікелей келіссөздерді жүргізу көзделіп отыр. Бағдарламаны іске асыру кезеңінде Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесінің және инвестициялық заңдарды жетілдіруде және елдің инвестициялық ахуалын жақсартуда бірлескен жұмыс топтарының ролін көтеру көзделініп отыр.

Инвесторлардың Қазақстан Республикасындағы инвестициялық қызметті реттеуге байланысты жаңа заң және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу процесінде мүдделерін ескеру үшін Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі инвесторларды қатыстыра отырып дөңгелек столдарды өткізу практикасын жалғастыра береді.

## 2.10. Қор рыногын дамыту

Істің жай-күйі. Қазақстанда қажетті деңгейде және жеткілікті көлемде бағалы қағаздар рыногының құқықтық, институционалдық және техникалық инфрақұралымы қалыптасты. Алайда қайталама қор рыногын серпінді дамыту жөніндегі міндет әзірге шешілген жоқ, бұл объективті де, сондай-ақ субъективті де себептердің салдарынан болып отыр.

Объективті (сыртқы) себептердің арасындағы негізгі себеп әлемдік қаржы дағдарысы зардаптарының жағымсыз әсер етуі болып табылады.

Субъективті сипаттағы себептерге келер болсақ, олар ішкі факторларға байланысты

туындап отыр. Олардың негізгілері мынадай себептер болып табылады.

Қазақстанда қор рыногының негізгі компонентінің тапшылығы проблемасын - мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың тапшылығының проблемасын шешудің сәті түспеді. Бұл бәрінен бұрын инвесторлардың қызметіндегі әсіресе институционалдық қиыншылығын тудырады. Қазақстандық акционерлік қоғамдардың көпшілігінің менеджменті іс жүзінде қор биржасына белсенді қатысуға және оның мүмкіншіліктерін қосымша қаржы ресурстарын тарту үшін пайдалануға дайын болмай шықты. Бұл көп жағдайда кәсіпорындарды басқаруға жаңа тиімді меншік иесін тарту тұрғысынан қарағанда мемлекеттік меншікке ұтымсыз жекешелендіру жүргізілгендігінен болды.

Қазақстанда әзірге субъектілердің бағалы қағаздар рыногындағы (әсіресе акционерлік қоғамдардың меншігіндегі) олардың бағалы қағаздарды шығару және акционерлердің (инвесторлардың) құқықтарын сақтау бойынша қызметін реттейтін заң нормаларын орындауы бөлігінде қызметіне қадағалау жасаудың жеткілікті дәрежедегі тиімді жүйесін қалыптастырудың сәті түспеді. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы инвесторлардың заңды мүдделерін және құқықтарын қорғауды қамтамасыз ететін орган ретіндегі қадағалаудың қолданылып жүрген жүйесінің мейлінше елеулі кемшілігі құқықты қолдану өкілеттіктерінің анық шектеулілігі болып табылады.

Акционерлік қоғамдарға бақылау жасаудың жеткіліксіз тиімді жүйесінің салдарынан соңғысында дивидендтер төлеу бөлігінде, оның ішінде артықтышылықты акциялар бойынша төлем тәртібі жоқ. Бұдан басқа акционерлік қоғамдар өзінің қызметі туралы ақпаратты ашу жөніндегі заңмен белгіленген нормаларды бұзуға жол береді, бұл инвесторларға олардың инвестициялық тартымдылығын бағалауға мүмкіндік бермейді.

Реформалаудың өткен жылдарында елдің халқын қор рыногындағы инвестициялаудың жеке немесе ұжымдық нысандарына тартудың сәті түспеді. Осының нәтижесінде ішкі жинақтаулардың әлеуеті іске асырылмады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда бағалы қағаздар рыногының өзін өзі реттеу жүйесі қажетті деңгейде қалыптасқан жоқ.

Мақсат. Қазақстанда қаржы ресурстары жұмылдыру мен қайта бөлудің, инвестицияларды нақты экономикаға тартудың тиімді тетігі ретінде қор рыногын қалыптастыру мен дамыту үшін барлық жағдай мен алғышарттарды жасау керек. Бұл тек қолда бар инвестициялық ресурстарды нақты күрделі салымдарға трансформациялауды қамтамасыз ету үшін ғана емес, Қазақстанға елеулі стратегиялық және портфельді инвесторлардың келуіне қосымша алғышарттар жасау үшін қажет.

Негізгі іс-шаралар. Алдағы кезеңдегі мейлінше басым міндеттердің бірі қор биржасы негізгі субъектілерінің: бағалы қағаздар дивидендтерінің бағалв қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары мен институционалдық қызметінің ашықтық

деңгейін арттыру болып табылады. Бұл міндет бірден мынадай екі бағытта іске асырылуға тиіс:

рыноққа жоғарыда аталған қатысушыларға қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты және инвесторлар үшін қызығушылық танытатын басқа да ақпараттар, сондай-ақ осы нормалардың сақталуын бақылаудың тетіктерін ашу міндетін жүктейтін заңдардың нормаларын жетілдіру қажет;

қор рыногының субъектілері туралы ақпаратты ашудың инвесторлардың түрлі топтары үшін тең қол жетушілікті қамтамасыз ететін орталықтандырылған жүйелерді құру қажет. Бұл бағыт мамандандырылған ақпараттық инфрақұрылымды - ақпаратты ашу жөніндегі техникалық орталықтарды құру арқылы да, сондай-ақ Интернет желісінде арналуы web-сайттарды құру арқылы да іске асырылуы мүмкін.

Мемлекет акциялардың мүмкін эмитенттерін және осы бағалы қағаздарды шығаруға мемлекеттік облигацияларды ынталандыратын жағдайлар жасауы тиіс. Ірі кәсіпорындарға инвестициялық, несиелік немесе фискальдық тетіктердің кез келген көмегін беруді, олардың бағалы қағаздардың эмитентері ретінде ұйымдастырылған қайталама қор рыногына жоғары инвестициялық белсенділігімен және қатысуымен орайластыру қажет.

Мұнымен бір мезгілде ішкі инвесторларды, оның ішінде кәсіби еместерін инвестициялық процеске тарту жолымен қор рыногының инвесторлық базасын кеңейту керек. Бұл міндетті шешу үшін ұжымдық инвестициялаудың түрлі нысандарын дамыту , халықтың қаржы институттарында жинақтарын жинауын ынталандыру, олармен түсіндіру жұмысын белсенді жүргізу керек. Бұдан басқа мемлекет халықты және басқа да кәсіби емес инвесторларды бағалы қағаздар рыногындағы "ойын ережесіне" оқытуға бағытталған кең ауқымды оқу-ағарту бағдарламасын жүргізуі тиіс. Эмитенттер мен инвесторларды қор рыногына мейлінше белсенді қатысуын ынталандыру олардың қызметінің салықтық режимін жетілдіруге жәрдемін тигізетін болады. Осы бағыттың негізгі міндеттерінің бірі қор рыногының негізгі құралдарына - акциялары мен мемлекеттік емес облигацияларға қазіргі орын алып отырған кемсіту тәсілдерін болдырмау мақсатында барлық қаржы құралдары бойынша кірістерден салықтарды алу жөніндегі ставкаларды бірдейлендіру болып табылады.

Қайталама қор рыногын дамытуды жандандыру шарттарының бірі қаржы рыногының осы бөлігін мемлекеттік реттеудің тиімділігін арттырудан тұрады. Қор рыногындағы қатынастардың күрделілігі оның тәукелдің артуы тән ауқымдылығы қатысушылардың қауіпсіздігін мүдделері мемлекеттің онда егжей-тегжейлі стандарттарды ғана қабылдауының қажеттілігімен емес, тұрақты негізде осы стандарттардың орындалуына мұқият бақылауды жүзеге асыруға байланысты. Бағдарламаның шеңберінде жоқ дегенде мынадай үш міндетті шешу керек:

қор рыногының негізгі қатысушыларының қызметін (бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары, мемлекеттік емес бағалы қағаздардың эмитентері,

институционалдық инвесторлар) инвесторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету тұрғысында қызметін мемлекеттік ретеуді күшейту. Бұл үшін уәкілеттік берілген мемлекеттік орган бағалы қағаздар рыногында реттеуді;

тиісті құқықтық тетіктерді жүзеге асыруы керек; ішкі қор рыногын қорғаудың пәрменді тетіктерін құру, олар инвестициялардың экономиканың түрлі секторларына құйылуын бақылауға, сондай-ақ оларды өз басымдықтары мен міндеттерін негізге ала отырып қайта бөлуге мүмкіндік береді;

бағалы қағаздар рыногына кәсіби қатысушылардың қызметін бақылаудың екі деңгейлік жүйесін қалыптастыру керек, мұнда бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларының өзін өзі реттейтін ұйымдары өздерінің мүшелерінің белгіленген қызмет ережелерін сақтауына ағымдағы бақылауды жүзеге асыратын болады, ал Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссия бағалы қағаздар рыногын мемлекеттік реттеудің уәкілетті органы ретінде өзін өзі реттейтін ұйымдардың (ӨРҰ) өзінің қызметін бақылап, сондай-ақ олардың мүшелеріне іріктемелі тексерулер жүргізілетін болады.

## 2.11. Инвестициялық ахуалды бағалау

Істің жай-күйі. Инвестициялық ахуалды бағалау кезінде шетелдік инвесторлардың көпшілігі бәрінен бұрын елдегі халықаралық несие-рейтингтік агенттіктердің шығарылған рейтингтеріне сенеді.

1996 жылғы қарашада Fitch IBCA және Standart & Poor's рейтингтік ;агенттігі алғаш рет Қазақстанға ВВ- деңгейіндегі, ал Moody's - Ва3 деңгейіндегі ұзақ мерзімді несие рейтингін тағайындады. Бұл халықаралық қаржы рыноктарына жалпы сомасы 200 млн. доллар болатын алғашқы қазақстандық еурооблигацияны табысты орналастыруға мүмкіндік берді.

1999 жалғы мамырда Fitch IBCA агенттігі бойынша Қазақстанның ұзақ мерзімді ВВ -,Standart & Poor's агенттігі бойынша - В+, Moody's агенттігі ;бойынша В1 тәуелсіз рейтингін құрайды.

АҚШ-тың "Институционалдық инвестор" журналы жүргізген және 135 елді қамтыған сұрау салу жүргізуіне сәйкес 1997 жылдың наурызынан бастап 1998 жылдың наурызына дейін инвестициялық ахуалды жақсарту қарқыны бойынша Қазақстан серке-елдердің бестігіне енді.

Institutional Investor's (Германия) деректері бойынша 1998 жылы Қазақстанның несиелік рейтинг 136 елдің арасында 6 пунктке көтерілді: наурыздағы 94-ші орнынан қыркүйекте 88-ші орынға дейін көтерілді, дәл осы уақытта 1996 жылдың қазан айында Қазақстанның рейтингі 132-ші орында болған еді.

Соңғы жылдары бірқатар халықаралық ұйымдардың қатысуымен республикада, сондай-ақ шетелдік инвесторлардың Қазақстандағы инвестициялық ахуалды бағалау

ретінде алу мақсатында бірнеше бөлек-бөлек сұрау салулар жүргізіледі.

Қазақстанның салыстыра қарағандағы жоғары несиелік рейтингі жаңа тәуелсіз мемлекет ретінде шетелдік инвесторлардың бұрынғы үкіметтік кепілдіктерді талап етуінсіз тікелей инвестицияларды тартуға мүмкіндік береді.

Мақсат. Қазақстан Республикасының инвестициялық тартымдылығының елдік рейтингін сақтау және арттыру.

Мақсатты көрсеткіштер. Қазақстанда инвестициялық ахуалды жақсартудың жанама көрсеткішті Бағдарламаны іске асыру нәтижесінде жыл сайын Fitch IBCA, Standard & Poor's және Moody's халықаралық несиелік-рейтингтік
;агенттерімен қайта қаралатын тәуелсіз несиелік рейтингті ұдайы арттыруға қызмет етеді. Сонымен бірге Қазақстанның тәуелсіз несиелік рейтингінің 2005 жылы алыпсатарлық деңгейден инвестициялық деңгейге, яғни Fitch IBCA және Standard & Poor's агенттерінен ұзақ мерзімді міндеттемелер үшін
;BBB-дан төмен емес деңгейге, Moody's агентінен Baa3-тен төмен емес деңгейге өтудің үлкен маңызы бар.

Негізгі іс-шаралар. Халықаралық рейтингтік агенттіктермен ынтымақтастықты дамыту; Қазақстанға шетелде берілетін елдік рейтингтік бағалауларды қорыту және талдау; салық және инвестициялар жөніндегі халықаралық орталықпен, FIAS және басқа да ұйымдармен бірлесіп Қазақстан Республикасының аумағында жұмыс істейтін инвесторлардың сұрау салуларын жүйелі түрде жүргізу арқылы елдің инвестициялық ахуалы мониторингінің жүйесін құру.

Халықаралық талаптарға бейімделген және барлық инвесторларға түсінікті арнаулы белгілерді пайдаланатын ұлттық рейтингтік жүйені қалыптастыру көзделініп отыр. Бұл ретте халықаралық рейтингтік агенттерімен ынтымақтастық жасау көзделінуде. Ұлттық рейтингтік жүйені құру отандық компанияларға тәуелсіз рейтингтерді белгілеуге мүмкіндік беріп, оларға мүмкін несие берушілер мен инвесторлардың назарын аударуға жәрдемін тигізетін болады.

Сондай-ақ түрлі шетелдік және отандық басылымдардың және зерттеу орталықтарының Қазақстанның, оның жекелеген аймақтарының, кәсіпорындары мен салаларының тартымдылығының өз рейтингтік инвестициялық тартымдылығының ұйымдастыру мен жүргізуінің де мәні аз емес.

## 3. Шетел инвестицияларын тартуды жандандыру

### 3.1. Инвестицияларды тарту бойынша шараларды мақсатты қолдануға көшу

Істің жай-күйі. ЮНКТАД деректері бойынша, әлемдік экономикада 1995 жылы басталған ТШИ-дің келуінің дабырасы 1997 жылы да жалғасты. Сөйтіп ол 400,5 млрд.

долларға жетті, сонымен бірге ТШИ-дің кетуі 1997 жылы 423,7 млрд. долларды құрады .

1998 жылы капиталдың әлемдік рыногындағы жағдай Жапониядағы экономикалық құлдырау мен Азиядағы және Ресейдегі қаржы дағдарысының әсерімен нашарлап кетті. Дамыған елдердің инвесторларының Шығыс - Оңтүстік Азияға, Ресей мен Бразилияға қызығушылығының бәсеңдегіне байқалып отыр. Осының нәтижесінде осы аймақтардағы олардың инвестициялық белсенділігі төмендеу үстінде. Әлемдік қаржы рыноктары бұл күнде үрей-сүрең көңіл күйімен сипатталады, инвесторлар күшті экономиканы әлсіз экономикадан ажырату қабілетін жоғалтқан кезде, артын бағу позициясын ұстануды жөн көреді. Бірқатар елдердегі проценттік ставкалардың өсуі капиталдың еларалық ағынының баяулағанын білдіреді.

Қазіргі уақытта әлемдік рынокта еркін капиталдың үштен біріндейі ғана айналымда, қалған бөлігі ұлттық шекаралардың шегінен шықпайды. Солай дей тұра ТШИ-дің 85 % -ін әлемдік экономикада дамыған елдер, 14 %-ін дамып келе жетқан елдер береді.

1992-1997 жылдары әлемдік рынокта ТШИ-дің негізгі берушілері (100 млрд. доллардан астам көлемде) АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Гонконг ( қытайдың құрамындағы), Жапония және Нидерланды болды. Бұл ретте АҚШ пен Ұлыбританияға барлық ТШИ-дің 37 %-і, ал қалған 7 елге 73 %-і сәйкес келеді.

ТШИ-дің Қазақстан экономикасына жалпы құйылуы 1993-1998 жылдары 7,9 млрд. долл., оның ішінде таза ТШИ 6,5 млрд. долларды құрады. ТШИ-дің негізгі бөлігін АҚШ-тың (2 млрд. долл. Немесе жалпы көлемнің 28 %-і), Корея Республикасының (1,5 млрд. долл. немесе 18,6 %) және Ұлыбританияның (1,1 млрд. долл. немесе 13,4 %) инвесторларды салды. Түркияның, Қытайдың, Канаданың, Жапонияның, Индонезияның, Гермманияның, Вергин аралдары мен Исландияның инвестицияларына жалпы жиынтығында 2,0 млрд. долл. немесе 25,5 % сәйкес келеді, ал әлемнің қалған елдерінікі - 1,1 млрд. долл. немесе 14,5 %.

Шетелде жарнамалық-ақпараттық жұмысты жүргізу, инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы Үкіметаралық келісімдерді жасасау, халықаралық инвестициялық ынтымақтастықты жолға қою кезінде Қазақстан экономикасына жаңа инвестицияларды іздеу мен тарту бойынша мақсатты жұмылдырылған күш-жігерді молайту үшін жүйелі әдістер бола бермейді. Көптеген іс-шаралар бөлек-бөлек және біржолғы сипатта болып келеді, бұл шектеулі қаражатты, күш-жігер мен уақытты шашыратып алуға әкеледі.

Мақсат. Тікелей инвестициялардың көзі ретінде олардың басымдылығы тұрғысынан жекелеген елдер мен салаларға белсенділікті кеңейту жолымен тікелей шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі қызметті селективизациялау, іріктеп алынған инвестор компаниялармен өзара іс-қимылды дамыту.

Негізгі іс-шаралар. Қазақстан экономикасына тікелей шетелдік инвестицияларды тартуды жандандыру үшін елді үш негізгі топқа бөле отырып айқындау алда тұр.

Бірінші топқа Қазақстанда 100 млн. долл.-дан астам мөлшерде инвестициясы бар елдер кіретін болады, жылына орташа есеппен соңғы бес жыл бойы немесе ТШИ-дің түсуінің жалпы көлемінің 10 %-нен жоғары, сондай-ақ инвестициялау үшін жоғары әлеуетті мүмкіншіліктері бар елдер енетін болады. Атап айтқанда, бұл топқа АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция, Жапония, Түркия мен Нидерланды кіре алады. Олардың арасында 1993-1998 жылдары Қазақстанда АҚШ-пен Ұлыбритания мейлінше белсенді болды, ал 1998 жылы алғаш рет Жапония көзге көрінді. Германия, Франция, Гонконг пен Нидерландыдан ТШИ-ді тарту жөніндегі міндеті алда тұр.

Екінші топқа 50 млн.-нен 100 млн. долл.-ға дейінгі көлемде немесе ТШИ-дің жалпы көлемінің 5 %-тен 10 %-ке дейінгі көлемде инвестиция орналастыратын елде, сондай-ақ осы топтың деңгейінде инвестициялау үшін әлеуетті мүмкіншілігі бар елдер кіреді.

Оның құрамына, атап айтқанда, мыналар кіре алады:

еуропа елдері: Швейцария, Италия, Белгия (Люксембургті қоса алғанда), Швеция, Испания, Дания, Норвегия;

азия елдері: Гонконг (ҚХР), Сингапур, Корея Республикасы, Қытай;

басқа елдер: Канада, Австралия.

Үшінші топ 5 млн.-нан 50 млн. долл.-ға дейін немесе ТШИ-дің жалпы көлемі 1 %-нен 5 %-не дейін көлемде инвестиция салатын елдерден, сондай-ақ осы топтың деңгейінде инвестиция жасау үшін әлеуетті мүмкіншілігі бар елдерден тұрады. Үшінші топқа мынадай елдер кіре алады:

Европада: Финляндия, Австрия, Португалия, Ресей;

Азияда: Малайзия, Индонезия;

Америкада: Чили, Бразилия, Мексика;

басқа елдер: ОАР, Израиль, Таяу және Орта шығыстың араб елдері.

Таңдап алынған елдерде шет елдегі Қазақстан Республикасының дипломатиялық миссияларын қатыстыра отырып, инвестициялық мәселелер бойынша ақпаратты жүйелі жинауды жүзеге асыру және деректердің мамандандырылған банкін қалыптастыру ісі қолға алынуы керек.

Елдердің бірінші тобында Қазақстан Республикасына осы елдерде ТШИ-дің құйылуын ұлғайту үшін нақты мүмкіншіліктерді және жағдайларды айқындау мақсатында тереңдетілген елдік маркетингті жүргізу керек. Сондай-ақ Қазақстанның мүмкін үлесін айқындай отырып осы елдердің инвестициялық белсенділігінің болжамдарын және негізгі бәсекелес елдерді айқындау керек. Бұдан басқа бірінші топтағы елдерде 2000-жылдан бастап Қазақстан Республикасының елшіліктерінде тікелей инвестицияларды тарту үшін жауапты және Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен тығыз іс-қимыл жасаумен осы елдердің инвесторларымен жұмыс істейтін мамандарды бөлуді көздеу қажет.

Ғылыми-техникалық прогрестің, әлемдік экономиканың, жекелеген салалар мен

орта мерзімді және ұзақ мерзімді кезеңдегі өндірістердің дамуының кең ауқымды тенденцияларының сапалық талдануы үлкен маңызға ие болады. Бұл интеграциялау процестерінің әлемдік экономикалық жүйеге күшеюін ескере отырып мейлінше пайдалы нарықтық орындар мен бөліктерді, жаңғырудың перспективалық бағыттары мен ұлттық экономиканың бәсекелестік қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда өз дамуының болашағы бар бөліп алынған нысаналы салалар мен өндірістерде мұқият маркетингтік зерттеулер жүргізуі керек. Олардың негізінде қажет болған жағдайда тікелей инвестицияларды тартуға арналған басым секторлардың тізбесі мен мейлінше маңызды өндірістердің тізіміне нақты ұсыныстар дайындалатын болады. Сондай-ақ нысаналы салалар мен өндірістер бойынша деректер банкін одан әрі ұлғайту мен құру көзделіп отыр.

Тікелей инвестицияларды тартуды жандандыру мақсатында ішкі және сыртқы рыноктарда іріктеп алынған компаниялармен жұмысты ұйымдастыру қажет. Мұндай жұмыстың тиімділігін арттыру үшін, сондай-ақ отандық және шетелдік компаниялар бойынша деректер банкін жасау, тікелей маркетинг принциптері мен әдістерінің негізінде жекелей алғанда әрбір бөлініп алынған компаниямен өзара іс-қимылдың арнаулы бағдарламаларын жасау керек. Атап айтқанда, осындай бағдарламалардың шеңберінде елге Қазақстанға өзінің жобаларын іске асыруға мүдделілік танытқан шетелдік компаниялардың басшылары мен мамандарының сапарын, олардың қазақстандық кәсіпкерлердің арасынан шикізат, материалдар мен жинақтаушы бұйымдарды мүмкін әлеуетті беретіндермен келіссөздерін ұйымдастыру көзделген.

## 3.2. Инвестициялық ынтымақтастықтың екіжақты тетіктерін пайдалану

Істің жай-күйі. Қазақстанның шетел мемлекеттерімен қазіргі уақыттағы екіжақты инвестициялық ынтымақтастығын дамытудың негізгі тетіктері мемлекеттердің, үкіметтердің басшыларының және өзге де жоғары лауазымды тұлғалардың ресми сапарларының шеңберіндегі келіссөздер; ынтымақтастық бойынша бірлескен үкіметаралық комиссиялар; инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімдер; елшіліктер мен дипломатиялық миссиялардың қызметі болып табылады.

Шет елдермен инвестициялық ынтымақтастықты дамыту үшін Қазақстан Республикасының инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы екіжақты келісімдерді жасасуының үлкен мәні бар. 1992-1998 жылдар кезеңінде әлемнің 30 елімен осындай келісімдерге қол қойылды, оның ішінен 27 келісімді Қазақстан тарабы бекітті және 23 келісім қолданылып отырған құқықтық құжаттар, оның ішінде АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Қытай, және Түркиямен қолданылатын құжаттар болып табылады.

Мақсат. Қазақстанға тікелей шетелдік инвестициялардың құйылуын ұлғайту үшін

инвестициялық ынтымақтастықтың екіжақты тетіктерін дамыту.

Негізгі іс-шаралар. Ынтымақтастық бойынша бірлескен Үкіметаралық комиссиялардың, бәрінен бұрын таңдап алынған нысаналы елдермен жұмысты жандандыру керек. Олардың жұмысының нәтижелілігін арттыру үшін инвестициялар мәселелері бойынша екіжақты іскерлік кеңестер құру орынды болып табылады, олардың құрамына әлеуетті инвесторлар да, сондай-ақ Қазақстанда жұмыс істеп жатқан инвесторлар да, сондай-ақ инвестицияларға жәрдем көрсетуге жауап беретін мемлекеттік органдарының өкілдері де кіре алады.

1999-2005 жылдары оларды Қазақстан экономикасына шетел капиталын тартудың маңызды құралы ретінде қарай отырып, инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы екіжақты келісімдерді жасасу жөніндегі жұмысты жалғастыру жұмысы алда тұр. Мұндай келісімдер, бірінші кезекте жоғары инвестициялық мүмкіншіліктері бар және Қазақстан Республикасына тікелей инвестицияларды белсенді түрде салушы елдермен жасасылатын болады. Атап айтқанда, 1999 жылы елдің Парламентіне Бельгия , Люксембург Экономикалық одағымен, Кувейтпен, Франциямен келісімдерді, сондай-ақ ТМД шеңберінде жасасылған Инвестордың құқықтарын қорғау жөніндегі конвенцияны бекітуге жіберу керек.

Қолданылып жүрген инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімдердің барлық шарттарын іс жүзінде сақтау үлкен маңызға ие болады. Осы мақсатта қызметі осындай келісімдерді іске асырумен тікелей байланысты мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруға бағытталған оқу курстары мен бағдарламалары жүргізілетін болады. Тікелей инвестицияларды тартудың тәжірибесімен алмасу, жекелеген елдердегі инвестициялық ахуал мен заңдардың ерекшеліктерін, сондай-ақ шетелдік инвесторлардың іскерлік белсенділігінің өзіндік белгілерін зерделеу мақсатында инвестицияларды қолдау және мамандарды өзара тағылымдамадан өткізу бағдарламасын жүргізу бойынша шетелдік агенттіктермен ынтымақтастықты жандандыру керек.

Елеулі инвестициялық ресурстарға ие немесе әлеуетті инвесторлардың мейлінше кең шеңберінде шығудың арналары болуға қабілетті шетелдік және халықаралық инвестициялық қорлармен, трасттармен, сақтандыру компанияларымен, инвестициялық банктермен және басқа да ұйымдармен ынтымақтастықты жолға қою үлкен маңызға ие болады.

Қазақстанға тікелей шетелдік инвестицияларды тарту бойынша елшіліктермен және дипломатиялық миссиялармен жұмыстың тиімділігін арттыру қажет.

### 3.3. Инвестицияларға жәрдемдесу мақсатында халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдармен ынтымақтастықты күшейту

Істің жай-күйі. Қазақстанның халықаралық қаржы ұйымдарымен (Дүниежүзілік банк, Халықаралық валюта қоры, Европа Қайта жаңарту және Даму банкі, Азия Даму банкі, Ислам Даму Банкі және басқалар), сондай-ақ донор елдермен ынтымақтастығы табысты дамып отыр. Қазақстан - олардың әлемнің көптеген аймағын қамтыған қаржы дағдарысының жағдайында сенімін сақтап дамып келе жатқан рыноктардың бірі.

Сонымен бірге халықаралық ұйымдарда дамып келе жатқан елдерге жеке капиталдың құйылуына жәрдемдесудің өзіндік тәжірибесі жинақталған, бұл Қазақстан Республикасының экономикасына тікелей инвестицияларды тартуды жандандыру кезінде пайдалы болуы мүмкін.

Атап айтқанда, дамып келе жатқан елдерді жеке қаржыландыруды тарту үшін Дүниежүзілік банк соңғы жылдары өзінің кепілдік құралдарының екі түрін: несие тәуекеліне ішінара кепілдік беруді және саяси және тәуекелді реттеудің ішінара кепілдіктерін белсенді пайдалануды бастады.

Мақсат. Халықаралық инвестициялық ынтымақтастықты кеңейту, Қазақстанның инвестициялау саласында халықаралық ұйымдарға белсенді қатысуы мен өзара іс-қимыл жасауын қамтамасыз ету.

Негізгі іс-шаралар. Қазақстанның жекеменшік секторын, инфрақұрылымдары мен әлеуметтік саласын дамытуға басым бағытталған инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру бойынша халықаралық қаржы ұйымдарымен және донор елдермен ынтымақтасты одан әрі жалғастыру керек.

Дүниежүзілік банктің кепілдіктерін тарту және инвестициялық жобаларды әзірлеу мен іске асыру ерекше мәнге ие, бұл үшін тиісті нормативтік құқықтық базаны құру қажет.

Саяси және реттелетін тәуекелдердің кепілдіктері кәсіпорындардың акцияларын сатып алу және капиталға инвестициялардың басқа түрлері жөніндегі операцияларды қоспағанда, инвестициялардың барлық түрі үшін беріледі. Алайда капиталға инвестицияларды Инвестициялардың кепілдігі жөніндегі халықаралық агенттік (MIGA) кепілдендіруі мүмкін. Екінші жағынан, қаржыландыру белгілі бір бөлігі Дүниежүзілік банк кепілдік беретіндей түрде құрылуы мүмкін және бұл кепілдік мәнісі бойынша, инвестициялық жобаның барлық қаржыландырылуына қолданылады.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігінің Дуниежүзілік банкпен MIGA 1999 жылы тәуекелдерді кепілдендіру жөніндегі жүйені ашу бойынша жұмысты жандандыруы керек. Оны шетелдік жеке капиталдарды Қазақстан экономикасын дамытуға тартудың нақты тәсілі ретінде карауы тиіс. Сондай-ақ саяси және егемендік тәуекелдерге кепілдіктер беру мәселелері бойынша қажетті заң және нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу қажет.

1999 жылы Шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттік, Қаржы министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі және Инвестициялар жөніндегі агенттік шағын кәсіпкерлікті қолдау үшін шетелдік инвестициялар мен техникалық көмекті

тарту бойынша халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдармен және донор елдермен бірлескен жұмысты жүргізуі көзделініп отыр.

### 3.4. Тұрақты жұмыс істейтін жарнамалық-ақпараттық тетіктерді пайдалану

Істің жай-күйі. Қазіргі уақытта тұрақты жұмыс істейтін жарнамалық-ақпараттық жұмыстар жүргізуге арналған негізгі тетіктер инвесторларға арналған жолкөрсеткіштер , "Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының экономикасы цифрлармен " атты қалта анықтамалығы, Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігінің бюллетені және басқа да жарнамалық және ақпараттық өнімдер болып табылады.

1998 жылы бұрынғы Инвестмемкомның "Инвестициялар" деп аталатын ақпараттық желісінде (Web-site) "Kazecon" (ЮСАИД-ке жататын "Қорлық рынок және Қазақстан Республикасындағы жекешелендіру") ақпараттық парақ (Web-pfgt) ашылды, оған тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау жөніндегі заң және өзге де нормативтік құқықтық актілер орналастырылды, тікелей инвесторларға арналған "инвестициялық хабаршы" және анықтамалық материалдар берілді.

Сонымен бірге отандық инвесторлар тікелей мемлекеттік инвестицияларды экономиканың басым секторларына мемлекеттік қолдау жүйесі туралы қажетті ақпаратқа ие емес, жобаларды әзірлеу мен іске асырудың барлық рәсімін жеткілікті түрде анық білмейді.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің елдің түрлі бөліктерінде аймақтық бөлімшелерінің немесе оның агенттерінің болмауы ішкі рынокта тұрақты жарнамалық-ақпараттық жұмысты жүргізуге тежеу жасайды.

Мақсат. Тұрақты түрде жұмыс істейтін отандық және шетелдік инвесторлар мен басқа да пайдаланушылар үшін қол жетімді тиімді және ұдайы жаңартылып отыратын жарнамалық-ақпараттық жүйені құру.

Негізгі іс-шаралар. Бәрінен бұрын Қазақстанға тікелей, портфельдік және өзге де инвестицияларды тарту мен салуға байланысты барлық мәселені көрсетуге арналған " Интернеттің" кең ауқымды желісінде қуатты ақпараттық торап (Web-site) құру керек. Мәнісі бойынша ол шетелде және елдің ішіндегі жарнамалық-ақпараттық жұмыста жетекші буын болуға тиіс. Бұл ретте Қазақстан Республикасының министрліктері мен басқа да мемлекеттік органдарын тарта отырып инвестициялар бойынша ақпараттық, жарнамалық, анықтамалық, статистикалық және талдау материалдарын ұдайы жаңартуды қамтамасыз ету көзделініп отыр. Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, накты инвестициялық жобалар үшін инвесторларды атаулы түрде іздеуді ұйымдастыру қажет.

Жарнамалық-ақпараттық өнімдерді құру жөніндегі басталған жұмыс, оның ішінде

Қазақстандағы инвестициялық мүмкіншіліктер туралы KD-ROM пайдалана отырып жалғастырылатын болады.

Инвесторларға арналған электрондық түрдегі жарнамалық-ақпараттық өнімдердің сапасын арттыру үшін Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен "Қазинвест" РМК-ға техникалық көмекті тарту мәселелері бойынша халықаралық қаржы және экономикалық ұйымдармен келіссөздер жүргізу көзделіп отыр.

Алда мақсатты және тиімді жарнамалық-ақпараттық жұмысты жүргізу үшін елдің ішінде мүмкін инвесторлардың нысаналы тобын бөліп алу мақсатында тікелей инвестициялардың ішкі рыногына маркетингтік зерттеулер жүргізу ісі тұр. Қазақстанның орасан зор аумағы мен бюджет қаражатының шектеулілігі әрбір облыс орталығында Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігі аймақтық бөлімшелерін құруға мүмкіншілік бермейді. Осыған байланысты "Интернеттің" кең ауқымды желісіндегі ақпараттық торап елдің ішінде жарнамалық-ақпараттық жұмысты жүргізуде маңызды рөл атқаратын болады. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, сол секілді республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіншілігі де мейлінше белсенді іске қосылатын болады.

Іскерлік топтарына инвестициялық саясатты түсіндіру үшін, сондай-ақ шетелдік және отандық инвесторларға жұртшылықтың қалың жігінің жақсы қарым-қатынасын қалыптастыру мақсатында инвестициялық қызметті жүзеге асыру мәселелері бойынша аймақты семинарларды, конференцияларды, дөңгелек столдар мен брифингтерді өткізу практикасы жалғастырылады. Жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, сондай-ақ республиканың облыстарындағы инвестициялық мүмкіншіліктер туралы ақпаратты беруді ұйымдастыру ісі де қолға алынатын болады. Аймақтардың өкілдері үшін білім беру семинарларын ұйымдастыруға, сондай-ақ инвестицияларды салу үшін мейлінше тартымды Қазақстанның аймақтарын қатыстыра отырып, халықаралық тұсаукесерлік іс-шараларды жүргізуді ұйымдастыруға үлкен мән береді.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің екінші деңгейдегі банктермен, атап айтқанда елдің аумағында өзінің филиалдарының кең таралған желісі барлармен іс-қимылының жаңа нысандарын іздеуге ерекше мән беріледі. Мұндай ынтымақтастық инвесторларға банктердің қаржылық мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, нақты инвестициялық жобаларды әзірлеу мен іске асыру кезінде көмек көрсеткен болар еді.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі мемлекеттік және жекеменшік оқу орындарымен бірлесіп отандық инвесторларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру үшін арнаулы оқу бағдарламалары мен курстарын әзірлеуді көздеп отыр.

### 3.5. Инвестициялардың сыртқы рыноктарындағы

жарнамалық-ақпараттық қызметті жандандыру

Істің жай-күйі. Бұрынғы Инвестмемком құрылған сәтінен бастап шетелдік ақпарат рыноктарында Қазақстанға инвестициялық мүмкіншіліктерді көрсету және тікелей шетелдік инвестицияларды тарту бойынша мейлінше мақсатты және дәйекті жарнамалық-ақпараттық қызмет жүргізіле бастады.

1997-1998 жылдардың кезеңінде бұрынғы Инвестмемком өзі немесе өзінің тікелей қатысуымен Қазақстанға тікелей инвестицияларды тарту бойынша 30 ірі халықаралық форум, конференциялар, семинарлар, дөңгелек столдар, көрмелер мен жәрмеңкерлер өткізді, оның ішінде Ұлыбританияда, Түркияда, Германияда, Жапонияда, Египетте, АҚШ-та, Корея Республикасында, Нидерландыда, Польшада. Барлық тұсаукесерлік іс-шараларда инвесторларға қажетті инвестициялық, жарнамалық және анықтамалық материалдар берілді. Сондай-ақ шетелдік және отандық бұқаралық ақпарат құралдармен өзара іс-қимылға үлкен назар аударылды.

Мақсат. Әлемнің нысаналы елдерінде белсенді тікелей маркетинг жүргізу жолымен тікелей шетелдік инвестицияларды тартуды жандандыру.

Негізгі іс-шаралар. 1999 жылы бюджеттік қаражаттың қатаң шектеулілігін және ақпараттық революцияның нәтижесінде жаңа мүмкіншіліктердің пайда болуын ескере отырып, Қазақстанға тікелей шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі жарнамалық-ақпараттық саясатты қайта қарау керек. Елдің шет елдегі Қазақстандағы инвестициялық мүмкіншіліктерге шетелдік инвесторлардың назарын аударуға бағытталған имидждік стратегиясын әзірлеу қажет.

Бірінші топтағы әрбір ел бойынша 1999 жылы әлеуетті инвесторларды бөлуді, іс-қимыл жасаудың тәсілдері мен әдістерін айқындауды, олардың Қазақстанға іссапарын ұйымдастыруды инвестициялық жобаларды іске асыруды аяқтағанға дейін тікелей инвестицияларға мемлекеттік қолдау көрсетуді қоса алғанда, тікелей маркетингтің нақты бағдарламаларын жасау керек. Бірінші топтағы елдердегі маркетингтік бағдарламалар "Интернеттің" кең ауқымды желісіндегі ақпараттық торапқа, "Қазинвест" РМК-ның шетелдік өкілдіктерін құруға, Елшіліктердің, сондай-ақ агенттер мен кеңесшілердің ролін арттыруға сүйенетін болады. Сондай-ақ инвестициялар мәселелері бойынша екіжақты іскерлік кеңестерді қалыптастыра және жүйелі түрде жүргізе отырып, экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Үкіметаралық комиссияларды жандандыруға үлкен мән беріледі. Ірі инвестициялық форумдар, конференциялар, семинарлар мен көрмелер инвесторлардың орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларымен тікелей іскерлік қарым-қатынасты орнату үшін қосымша іс-шаралар ретінде пайдаланылатын болады.

Екінші және үшінші топтағы елдер бойынша Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп арнаулы маркетингтік бағдарламалар әзірлеу керек. Бағдарламаның қолданылу кезеңінде бұл елдерде Қазақстан Республикасы

Инвестициялар жөніндегі агенттігі мен "Қазинвест" РМК өкілдіктерін құру көзделінбейді. Жарнамалық-ақпараттық қызметті жүзеге асыруда Қазақстан Республикасының тиісті елдердегі елшіліктері мен дипломатиялық өкілдіктері негізгі рөл атқарады.

## 4. Инвестицияларды мемлекеттік қолдау жүйелерін жетілдіру

### 4.1. Инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың заңдық базасын жақсарту

Істің жай-күйі. Қолданылып жүрген заңдар тұтастай алғанда Қазақстанның аумағында шетелдік инвестицияларды салу үшін қажетті негізгі жағдайларды жасайды. Атап айтқанда, олар үшін құқықтарды қорғау жөніндегі заң кепілдіктері, отандық инвестицияларға қарағанда бірдей құқықтық режим, пайданы репатриациялаудың еркіндігі және капиталды әкету, бірлескен және шетелдік кәсіпорындарды тіркеудің рәсімін оңайлату, жер мен жылжымайтын мүлікті сатып алу мүмкіндігі, кәсіпкерлік қызметтің еркіндігі көзделінген.

Шетелдік және отандық инвесторлардың арасында жер қойнауын пайдалану, тікелей инвестицияларды салуда мейлінше үстем сала болып қалып отыр. Реформалардың өткен жылдар ішінде бұл салада қажетті заң және инвестициялық қызметті мемлекеттік реттеудің жүйесі құрылды.

1997 жылғы қыркүйекте Үкіметтің жер қойнауын пайдалануды лицензиялау жөніндегі жұмыс органының функциясы, сондай-ақ ол да Үкіметтің жер қойнауын пайдаланушылармен (мердігерлермен) келісімшарттарды дайындау және оны жасасу жөніндегі құзыретті орган болып табылатын бұрынғы Инвестмемкомға жүктелді.

1998 жылы бұрынғы Инвестмемкомның бастамасымен Қазақстан Республикасының бірқатар заң және нормативтік құқықтық актілеріне жер қойнауын пайдаланушылардың инвестициялық қызметі үшін мейлінше қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, Солтүстік Каспий мен Қарашығанақ ірі мұнай-газ кен орындарын игеру бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру барысында Салық және Кеден кодекстеріне Инвестмемком бағалы металдар мен асыл тастардың рыногын ырықсыздандыруға бағытталған заң актілеріне өзгірістерді дайындады және заң тәртібімен енгізді. Бұдан басқа Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған келісімшарттарды жасасудың тәртібі және кепілге жер қойнауын пайдалану құқығын беруге арналған рұқсаттарды берудің тәртібі туралы жаңа ережелер бекітілді.

1998 жылға арналған жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізуге арналған лицензияларды беру үшін қатты пайдалы қазбалар мен көмірсутегі шикізатын беру бойынша Қазақстан Республикасының кен орындары мен аумақтарының тізбесін

бекіту жер қойнауын пайдалану саласындағы жаңа жайт болды.

1998 жылы жер қойнауын пайдалану саласында бұрынғы Инвестмемком 123 келісімшарт жасасты, олардың шарттары бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың тікелей инвестицияларды салу бойынша 8,0 млрд. долл. шамасы көлемінде тікелей инвестицияларды салу жөніндегі міндеттемелері алынды. Бұл ретте келісімшарттардың көмірсутегі шикізатына 28%, қатты пайдалы қазбаларға 52% және жерасты суларына 20% сәйкес келеді. Сонымен бірге көмірсутегі шикізатына тікелей инвестициялардың басым бөлігі - 90%, қатты пайдалы қазбаларға - 10% және жерасты суларына - 0% шамасында.

1998 жылы бұрынғы Инвестмемком пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге 188 лицензия, оның ішінде көмірсутегі шикізаты бойынша 19 лицензия, қатты пайдалы қазбалар бойынша 73 лицензия, жерасты сулары бойынша 96 лицензия берді. Сонымен бірге лицензия қайтып алынды. Лицензияларды қайтып алудың негізгі себептері жер қойнауын пайдаланушылардың лицензиялардан бас тартуы; олардың ең аз жұмыс бағдарламаларын және лицензия шарттарының басқа да міндетті талаптарын орындамауы; Үкіметтің құзыретті органымен заңдарда белгіленген мерзімде келісімшарттар жасаспауы болды.

1997 жылы экономиканың басым секторларына тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың қажетті нормативтік құқықытық актілерінің кешенін әзірлеу мен қабылдауға және жүйені қалыптастыруға мүкіндік берген "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Президенттің 1997 жылғы 5 сәуірдегі Жарлығымен тікелей инвестицияларды тартуға арналған басым секторлардың нақты тізбесі айқындалды. Оның бұрын қолданылған 1998 жылғы тамызда қабылданған тізімнен ерекшелігі мейлінше маңызды өндірістердің жаңа тізімі мейлінше нақты әрі кеңейтілген сипатта болды. Бұл ретте жекелеген позициялар нақтыланды, мұның көптеген тікелей инвесторлар үшін маңызы аз емес.

1997-1998 жылдарды экономиканың басым секторларында Инвестмемкоммен бекітілген инвесторлардың арасында 85 келісімшарт жасалды. Келісімшарттардың талаптары бойынша инвесторлар тікелей инвестициялардың жобаларын жүзеге асыруға салымдар бойынша 314,2 млн. долл. көлемде, оның ішінде негізгі капиталға - 271,0 млн . долл. салым салу жөнінде, 5640 жаңа жұмыс орнын құруға және 6240 қазіргі бар жұмыс орындарын сақтауға міндеттеме қабылдады.

Мақсат. Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау жүйесін одан әрі қолдау үшін заң базасын жақсарту.

Негізгі іс-шаралар. Жер қойнауын пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты жүргізудің негізгі тұтқалары пайдалы қазбаларды барлау мен өндіруге арналған келісімшарттар болып қала береді.

Жер қойнауын пайдалану мәселелері бойынша заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі жұмысты аяқтау керек. Өткен жылдар ішінде жер қойнауын пайдаланудың жаңа аспектілері пайда болды. Бұл тиісті кепілді енгізудің қажеттігін көрсетеді. Атап айтқанда, 1999 жылы жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, өнімді бөлу жөніндегі моделдік келісімшартты әзірлеу көзделінді .

1999 жылы Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және басқа да салалық министрліктермен бірлесіп мемлекет 2005 жылға дейін қолдайтын экономиканың басым секторларының жаңа тізбесі мен мейлінше маңызды өндірістердің тізбесін жасау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді. Бұл ретте елдің ішінде ұлттық валютаның айналымын өсіруге, Қазақстан экономикасының орнықтылығын арттыруға және халықтың электр энергиясына, коммуналдық қызмет көрсетулері мен тамақ өнімдеріне, тіпті сыртқы және ішкі дағдарыстық жағдайлар пайда болғанның өзінде де негізгі мұқтаждығын қанағаттандыруға мүмкіндік беретін жылу энергетикасы мен азық-түлік өндірісіндегі технологиялық тізбектерді дамытуға ерекше мән беріледі.

1999 жылы Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігінің тәуелсіз сарапшылармен және консультанттармен, атап айтқанда, оларға ақы төлеудің шарттары бойынша жұмысының тәртібін өзгерту керек. Атап атқанда, олардың қызмет көрсетулеріне ақы төлеуді Инвестициялар жөніндегі агенттікпен шарт жасаусыз жүзеге асыру көзделініп отыр. Тәуелсіз сарапшы алдын ала бекітілген нысан бойынша өнімнің жекелеген түрі туралы салалық шолу дайындайды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігі консультанттарының тізімінің күшін жою да көзделінген.

Бұл үшін ұлттық экономиканың жекелеген секторларындағы қалыптасқан бәсекелстік ортаны бұзбау және инвестициялардың ағынын реттеу үшін жұмыстың жинақталған тәжірибесін ескере отырып өтінімдерді қабылдау бойынша шектеулер жүйесін құру қажет.

Мұндай шектеулер инвесторлардың мынадай:

а) кепілдік берілген сатудың мемлекеттік тапсырысын немесе басқа нысанын алған;

б) акцизделетін өнімді және элиталық тауарлармен қызмет көрсетулерді өндіретін;

в) тауарлармен қызмет көрсетулердің өсу қарқыны соңғы үш жыл ішінде жылына 10 %-тен асатын немесе отандық өндірістің көлемі елдің ішіндегі тұтыну көлемінің үштен екісінен асатын салаларды немесе ішкі салаларды жұмыс істейтін;

г) "жинастырудың соңғы сатысын" жүзеге асыратын топтарына қатысты пайдаланылуы мүмкін.

Экономиканың басым секторларында инвестициялық қызметті жүзеге асыратын инвесторды мемлекеттік қолдау және оған ынталандыру шараларын ұсыну туралы

негізгі келісімшартты әзірлеу керек.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті тоқсан сайын Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігіне жекешелендіруге жататын мемлекеттік меншік объектілерінің тізімін беріп отыратын болады. Аталмыш тізім Қазақстанда инвестициялық қызметті жүзеге асыруға ниеті бар мүмкін инвесторлармен келіссөздер жүргізу кезінде пайдаланылатын болады.

"Шетелдік инвестициялар туралы" Заңның талаптарына сәйкес кәсіпорындардың шетелдің қатысуымен инвестициялық қызметіне шектеу қойылатын немесе елдің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде тыйым салынатын аумақтарды әзірлеу және заң тәртібімен белгілеу көзделіп отыр. Сондай-ақ кәсіпорындардың шетелдің қатысуындағы қызметіне шектеу қойылатын немесе тыйым салынатын салалар мен өндірістерді де айқындау қажет. Халықаралық құқықтық нормаларды ескере отырып Қазақстан Республикасында мемлекеттік стандарттарды, өртке қарсы қауіпсіздік техникасы туралы нұсқаулықты, санитарлық-эпидемиологиялық бақылауды жүргізудің қағидаларын зерделеу және қайта қарау керек. Инвесторлардың өз құжаттары мен аударымдары үшін жедел ресімдеуі олардың нотариалдық рәсімдерін жетілдіру талап етіледі. Бұл ретте барлық ескірген нұсқаулықтар мен ережелерді дәйекті түрде күшін жою немесе толық жаңалау қажет.

Заң тәртібімен облыстардың және Алматы мен Астана қалаларының әкімдеріне олардың аумағындағы ведомстволық бағыныстағы аумақтарға тауарлармен қызмет көрсетулерді өндіруді дамытуға тікелей инвестициялды салуға ниет қылған шетелдік және отандық инвесторлармен келісімшарттарды әзірлеуге, жасауға және олардың талаптарының атқарылуын бақылауға құқық беру қажет.

### 4.2. Тікелей инвестициялардың фискальдық ынталандыру жүйесін жетілдіру

Істің жай-күйі. 1998 жылы шетелдік және отандық инвесторлармен келіссөздер жүргізуге және олармен келісімшарттар жасасумен бірге бұрынғы Инвестмемком экономиканың басым секторларында жеңілдіктер мен преференциялар берудің рәсімдерін жетілдіруге ерекше назар аударды. Атап айтқанда, 1998 жылғы шілдеде инвесторлармен келісімшарттар жасасу кезінде жеңілдіктер мен преференциялар берудің жүйесі және оларды берудің тәртібі туралы ережеге қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізді.

1998 жылғы тамызда 2000 жылға дейінгі кезеңге отандық және шетелдік тікелей инвестицияларды тарту үшін мейлінше маңызды өндірістердің тізімі; инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде стандартты салық жеңілдіктердің мөлшері және оны берудің тәртібі туралы ереже; инвестициялық қызметті жүзеге асыру кезінде стандартты салықтық жеңілдіктерді алуға арналған өтінім бекітілді.

Салық жеңілдіктерінің стандартты пакетін қабылдау инвестициялық өтінімдерді қараудың мерзімдерін қысқартуға және Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттің инвесторлармен жасасатын келісімшарттарды дайындаудың тәртібін оңайлатуға әкелді. Жаңа тәртіптің негізгі идеясы негізгі капиталға инвестициялардың көлемі бойынша жобарларды шектеу болды.

10 млн. долларға дейінгі инвестициялардың көлеміндегі жобалар бойынша валюталық жеңілдіктер ресми жарияланған кестеге сәйкес оңайлатылған тәртіппен беріледі, оған сәйкес табыс, жер және мүлік салықтары бойынша жеңілдіктердің мөлшері инвестициялардың негізгі капиталға мөлшеріне байланысты. Бұл ретте салық жеңілдіктерінің мөлшерін айқындаудың бірден-бір өлшемі ретіндегі негізгі капиталға инвестициялардың көлемінің көрсеткіштерін және оларды берудің мерзімдерін белгілеу туралы шешім іс жүзінде сенімді әрі әділ шара болып шықты.

10 млн. доллардан асатын инвестициялардың көлемінің жобалары тәуелсіз сараптаманың нәтижелері бойынша қаралады. Бұл жағдайларда салықты ынталандыру туралы шешім инвесторлар мен мемлекет үшін өзара қабылданымды нұсқалар бойынша есептердің, талдау мен ұсынымдардың негізінде қабылданады. Жобалардың осы санаты бойынша, сондай-ақ импортталатын жабдыққа, шикізат пен жинақтаушы бұйымдарға, олар ішкі рынокта болмаған жағдайда, кеден жеңілдіктері де беріледі.

Мақсат. Тікелей инвестицияларға арналған фискальдық ынталандыру жүйесін одан әрі жетілдіру, транспаренттілігі мен ашықтығын қамтамасыз ету.

Негізгі іс-шаралар. 1999-2000 жылдары жеңілдіктер мен преференцияларды берудің тәртібін одан әрі жетілдіру талап етіледі. Салықтық жеңілдіктердің стандарттық пакетін қолданудың оң тәжірибесін ескере отырып жоғарғы шектеу деңгейін (10 млн. АҚШ доллары) алып тастау, экономиканың басым секторларында барлық инвестициялық жобалар үшін оларды пайдалану мақсатында салықтық жеңілдіктердің шкаласын қайта жасау керек.

Екі маңызды көрсеткішті: жобаның экономиканың басым секторына тиесілілігін және тікелей инвестициялардың көлемін белгілеу арқылы жеңілдіктерді берудің қолданылып жүрген тіртібін оңайлату керек.

Салықтық жеңілдіктерді берудің мерзімдерін бес жылға дейін қысқартқан орынды, өйткені инвесторлардың көпшілігі үшін жеңілдіктерді алу өндірісті қалыптастыру және дамыту кезеңінде мейлінше маңызға ие. Сонымен бірге салықтық ставкаларды негізгі ставканың 50 процентіне дейін азайту жолымен келесі 5 жылға жеңілдіктерді беру жобаларды іске асыру үшін елеулі экономикалық тиімділікпен қоса жүрмейді.

Сондай-ақ жаңа өндірісті ұйымдастырушы инвесторға табыс салығы бойынша жеңілдіктерді берудің мүмкіндігін келісімшартқа қол қойылған сәттен бастап емес, оның салық салынатын кірісті алған жылынан бастап қараған орынды. Мұндай түзету инвестициялық қызметінің бастапқы сатысында негізгі зияндарды шегетін, нәтижесінде табыс салығы бойынша өздеріне берілетін жеңілдіктерді пайдалануға

қабілеті жоқ көптеген инвесторлар үшін өзекті.

Инвестор кеден жеңілдіктерін беруге өтініш жасаған кезінде Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі мүдделі сарапшымен және мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігіне қорытынды жазып, импортталатын тауарлардың белгілі бір түріне арналған кеден баждарын өзгертуді ұсынатын болады. Бұл ретте Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі бір ай мерзімнен кешіктірмей өзінің ұсынысын Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігіне табыс ететін болады.

Болашағы бар және көп үміт күттіретін жекелеген аймақтардың деңгейінде ауыл шаруашылығынан бастап дайын өнімді өткізу рыногында болуға дейінгі технологиялық тізбектерді толық қамтитын инвестициялық жобалар ұсынылады. Мұндай жобалар үшін инвесторларды ынталандыру мен жеңілдіктер берудің жергілікті жүйесін құрған орынды.

### 4.3. Мемлекеттің инвестициялық тәуекелдерді сақтандыру жүйесін құруы

Істің жай-күйі. Қазақстанда тікелей инвестицияларды тартудағы әлсіз жер инвестициялық тәуекелдерді сақтандыру жүйесінің дамымағандығы болып қалып отыр. Отандық сақтандыру ұйымдарды ұсынатын сақтандыру қызмет көрсетулері шетелдік инвесторлардың талаптарын толық дәрежеде қанағаттандырмайды, бұл тиісінше олардың инвестициялық белсенділігін тежейді.

Мақсат. Мемлекеттің инвестициялық тәуекелдерді сақтандыру жүйесін құруы.

Негізгі іс-шаралар. Инвестициялау практикасындағы болған өзгерістер, сондай-ақ әлемдік экономикадағы елеулі оқиғалар инвестициялық тәуекелдерді сақтандыру жүйесін құру мен дамытудың қажеттігін көрсетеді. Атап айтқанда, "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" заңға саяси және егемен тәуекел кепілдіктерін беруді заңдық қамтамасыз ету және мұндай кепілдіктерді бергені үшін жауапты уәкілетті органды айқындауды енгізу көзделініп отыр.

Сақтандыру қызметі рыногын дамыту, қазақстандық сақтандыру ұйымдарына халықаралық ынтымақтастықты дамытуда және жетекші шетелдік сақтандыру компанияларымен сақтандыру өтеулерін беру туралы келісімдер жасауда қолдау көрсету үлкен мәнге ие болады. Сондай-ақ тікелей шетелдік инвестициялардың коммерциялық емес (саяси) тәуекел мен қажетті консультативтік қызмет көрсетулерді беруден инвестицияларды сақтандыру жолымен елдердің арасындағы қозғалысына жәрдемдесу қажет. Инвестицияларды саяси тәуекелдерден сақтандыру мақсатында шетелдік инвесторлардың инвестицияларды экспроприяциялауға, национализациялауға және басқа да осы секілді (апаттарға) қатысты қаупін жою болып табылады.

### 4.4. Жобаларды жүзеге асыру үшін қажетті инфрақұрылымдарды құруға қаражатты инвестициялаудағы мемлекеттің жетекші рөлі

Істің жай-күйі. Инвестициялық жобаларды табысты іске асыру үшін дамыған инфрақұрылымның болуының аса маңызды мәні бар. Алайда Қазақстанда мұндай инфрақұрылым орасан үлкен аумақта жетіліксіз күйде, ал кейбір аймақтарда бұл тіпті әлсіз деңгейде, бұл, әрине, инвестициялық белсенділікті айтарлықтай шектейді. Инфрақұрылымды дамыту үшін елеулі қаржы қаражатын салу қажет, ал бұған жекеменшік сектор сол мемлекеттің өзінің жетекші және белсенді рөлінсіз бара алмайды.

Мақсат. Мемлекеттік инвестицияларды инфрақұрылымды дамытуға жұмылдыру.

Негізгі іс-шаралар. Мелекеттік іс-шаралар бағдарламасын әзірлеу мен іске асыру процесін одан әрі жетілдіру қажет. Бұл ретте оны әзірлеудің сатысында Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігінің қатысуының ерекше мәні бар. Бұдан басқа Қазақстан Республикаснының Экономикалық жоспарлау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігінің қатысуымен инфрақұрылымды дамытуға тікелей инвестицияларды салу кезінде үкіметтік кепілдіктердің жыл сайын республикалық бюджеттің лимитінде бекітілетін шектерде берудің тетігін жетілдірудің мүмкіншілігін қарайды.

Сондай-ақ инфрақұралымды дамытудың проблемаларын жаңа әдеттен тыс шешімдерін іздеу де үлкен мәнге ие болады, атап айтқанда, тікелей инвесторлардың өздері мүдделі индустриалдық парктерді, бизнес-инкубаторлар мен басқа да ұйымдастыру нысандарын ұйымдастыру арқылы жүзеге асыру керек.

### 4.5. "Омбудсманнның" функцияларын орындау және инвесторлардың ағымдағы проблемаларын тиімді шешу

Істің жай-күйі. Қазақстанда өз қызметін дамытқан көптеген инвесторлар мемлекеттік органдардың тарапынан, әсіресе жергілікті деңгейдегі көптеген проблемалар мен қолдан жасалған тосқауылдарға кездеседі.

Мақсат. Инвесторлардың ағымдағы проблемаларын шешудің тиімді жүйесін құру.

Негізгі іс-шаралар. Омбудсманның қызмет әрекеті (немесе инвесторлардың шағымдарын қарау жөніндегі комиссия) инвесторларға қатысты мемлекеттік органдар тарапынан қиянат жасаудың жолын кесуге және дауларды сот тәртібінен тыс шешуге жәрдемдесуге бағытталатын болады.

Осы функцияны әсіресе Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі, оған заң тәртібімен қосымша өкілеттіктер берудің қажеттігін, кез келген нормативтік құқықтық актілерді және инвесторлардың заңды құқықтарына қысым

жасаушы немесе оны бұзушы мемлекеттік органдардың іс-қимылын соттан тыс тәртіппен тоқтату және болдарымау жөніндегі құқықты қоса, орындауы керек.

Инвесторлар тап болатын барынша өткір проблемаларды анықтау мақсатында шетелдік және отандық инвесторларға ұдайы сұрау салуды жүргізу қажет. Бұдан басқа инвесторлардың әрбір өтінімдері бойынша проблемалардың туындау себептеріне зерттеу жүргізу мен оларды шешуді қолданылып жүрген заң және нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру жолын іздестіру, ал қажет болған жағдайда жаңа құқықтық құжаттар әзірлеу қажет.

## 5. Бағдарламаны ресурстық қамтамасыз ету

### 5.1. Қазақстан Республикасының Инвестиция жөніндегі агенттігінің институционалдық дамуы

Істің жай-күйі. Бұрынғы Инвестмемкомды ұйымдастырған кезде инвесторларға инвестициялық қызмет көрсетудің толық көлемін ұсыну үшін Қазақстанда "One Stop Shop" принципін енгізу әрекеті жасалған. Әлемдік тәжірибені ескере отырып құрылған Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі өзінің инвестицияларға жәрдем етуі бойынша агенттіктің дәстүрлі модельдер сипатына ие болды (көптеген дамыған елдерде бар және Шығыс Европада бейімделген) және Оңтүстік, Шығыс Азияда (Малайзия) қабылданған модельдер. Осы модельдердің арасындағы айырмашылық мынада: инвестициялық жәрдемдесу жүйесінің екінші моделінде (investment promotion) жеңілдіктерді, бәрінен бұрын салықтық сипатындағысын берумен толықтырылған.

Ұлыбритания, Ирландия, Сингапур, Чехия және басқа да елдердің тәжірибесі инвестицияларды табысты тарту үшін инвесторларға үкіметтік көмекті үйлестіруді инвестицияларды қолдау жөніндегі мамандандырылған агенттік арқылы жүзеге асырудың дұрыс болатындығын растайды. "One Stop Shop" моделі, бір жағынан, түрі мемлекеттік органдардың бірін-бірі қайталайтын әрекеттерінен қашуға мүмкіндік береді, ал екінші жағынан, инвестициялардың маркетинг және оны қолдау жөніндегі барлық жұмысқа осы тұрғыдан келу кезінде барлық жұмысты экономикалық стратегияның жалпы шеңберінің шегінде бір мемлекеттік орган орындайды.

Шетелдермен экономикалық және сауда ынтымақтастығын дамыту үшін үкіметаралық деңгейде сауда және экономикалық ынтымақтастық жөнінде бірлескен комиссиялар құрылды. Соңғы уақытта комиссиялардың мәжілістеріндегі өзекті мәселелердің бірі тікелей инвестициялар саласындағы ынтымақтастықты дамыту болып отыр.

Мақсат. Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің тікелей инвестицияларды тарту мен оны мемлекеттік қолдау жүйесіндегі ролін күшейту.

Негізгі іс-шаралар. Өтпелі кезеңнің ерекшелігін ескере отырып Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі айтарлықтай өкілеттіктер мен тиісті мәртебеге ие болуы тиіс. Бұған аталмыш жағдайда бекітілген инвесторларға жеңілдіктер мен преференцияларды беру және жер қойнауын лицензиялау жөніндегі Үкіметтің жұмыс органының өкілеттіктерін сақтау арқылы басым секторларға мемлекеттік инвестицияларды қолдауды жатқызу керек. Дәл осы өкілеттіктердің шеңберінде Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі инвесторлар үшін "One Stop Shop" рөлінде іс-қимыл жасайды.

Алайда "One Stop Shop" принципінің негізінде инвесторлармен жұмысты жалғастыру және оларға көрсетілетін қызметтердің деңгейін сапалық жақсарту керек. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Қазақстан экономикасына тікелей инвестицияларды тарту жөніндегі үйлестіруші рөлді және Қазақстан Республикасын инвесторларға көрсетуге уәкілетті бірден-бір мемлекеттік органның функциясын дәйекті түрде орындайтын болады.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі орта мерзімді перспективаға өзінің қызметін мынадай функцияларды орындауға жұмылдарады:

- елдің маркетинг (country marketing),
- инвестицияларға жәрдемдесу (inwestment promotion),
- инвестициялардың өзінің қаржылық емес кепілдіктерін қамтамасыз ету, яғни өзіне инвесторлардың құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілетті органның функциясын (омбудсман) алады.

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігінің институционалдық дамуы үшін инвесторлармен өзара іс-қимылды жолға қою мен оның түрлі нысандарын өркендетудің үлкен мәні бар.

Әрбір аймақ пен жекелеген елдер бойынша деректер банкін құра отырып, арнаулы талдау және маркетинг қызметтер жүргізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасына осы елдерден ТШИ-дің құйылуын молайту бойынша нақты ұсыныстармен және ұсынымдармен жетекші инвестор елдер бойынша шолулар дайындау қажет. Дания, Венгрия және Польшаның тәжірибесі бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі елшіліктері мен дипломатиялық өкілдіктерінің мүмкіншіліктерін пайдалана отырып Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің шетелдік өкілдерінің кеңейтілген және тиімді желісін құру ісі алда тұр.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің қызметінің спектры бұдан әрі мынадай бағыттарда кеңейтілуі мүмкін:

- технологиялық және лицензиялық келісімдерге қатысты немесе осы секілді фирмааралық келісімдерге қатысты тікелей шетелдік инвестицияларды қолдау;
- Қазақстанға сапармен келген инвесторларға қызмет көрсету (қонақ үйлерде орын алып қою, кездесулер ұйымдастыру, инвесторларға ілесіп жүру, әуежайдан әуежайға дейін қызмет көрсетуді қамтамасыз ету) және сапарлар аяқталған соң мүмкін

инвесторларды қадағалау;

- инвесторларды бастапқы кезең бойы қолдау және инвесторлармен олар инвестициялық қызметін бастаған соң байланысты сақтау;

- инвесторларға жер учаскелерін немесе ғимараттар сатып алуда жәрдемдесу;

- пісіп-жетілген проблемалар бойынша жалпы кеңес беруді қамтамасыз ету;

- қосымша ынталандырулар көрсету (сатып алу немесе ұзақ мерзімге жалға алу үшін жер учаскелерін жылдам алу бойынша қызмет көрсету, сатып алу немесе жалға алу үшін кәсіпорындарды беру);

- жер учаскелерін және ғимаратттардың өз қорларына ие агенттік ретінде, сондай-ақ клиенттерге жер учаскелері мен ғимараттарды сатып алуға жәрдемдесетін агент ретінде болу.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің нысаналы елдерде инвестициялық ерекшеліктерді зерделеу және инвестициялар тарту жөніндегі жұмыстың тәжірибесін зерделеу үшін өзі секілді шетелдік агенттіктермен ынтымақтастығын жандандыру керек. Бұдан басқа Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі Дүниежүзілік банкпен, ХВА, MIGA, ПРООН, ЮНИДО, ЮСАИД, ТАСИС, WAIPA және басқа да халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды жалғастыру ниетінде.

Қазақстан Республикасының инвестициялар жөніндегі агенттігі шағын және орташа қалаларды, тоқыраған аудандарды дамытуға тікелей инвестицияларды тарту кезінде жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасауға ерекше мән береді.

## 5.2. Қаржылық қамтамасыз ету

Істің жай-күйі. Бюджеттік қаржыландыру пайда болған сәтінен бастап Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі жыл сайын елеулі түрде қысқарып келеді. Бұл оның тікелей инвестицияларды Қазақстан Республикасына тартуды жандандыру жөніндегі күш-жігерін шектейді және тежейді.

1998 жылы бұрынғы Инвестмемком өзінің аймақтық бөлімшелері мен шетелдік өкілдіктерін құру идеясын іске асырудан бас тартуға мәжбүр болды, бұл Қазақстанның стратегиялық маңызды аймақтары мен шетелдерде жарнамалық-ақпараттық қызметінің шеңберін кеңейтуге және тұрақты түрде қатысуын қамтамасыз етуге мүмкіндік бермеді.

Жеткіліксіз қаржыландыру бұрынғы Инвестмемкомның "Интернетттің" кең ауқымды желісіне қосылатын осы заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану және тікелей инвестициялар саласында маркетингтік және талдамалық зерттеулерді жүргізу жөніндегі өз ақпараттық торабын (Web-site) құру бойынша мүмкіншіліктерін шектеуге алып келді.

1950 жылдан бастап жұмыс істейтін Ирландиядағы инвестицияларды қолдау

жөніндегі осы секілді агенттік (IDA Ireland) өз қызметі үшін 26 млн. долл. мөлшерінде жылдық бюджетті пайдаланады. Реформалардың қарқыны бойынша Орталық және Шығыс Еуропа елдерінің арасындағы үш жетекші мемлекет те (Венгрия, Польша және Чехия) инвестицияларды қолдау бойынша өз агенттіктерін қаржыландыруға үлкен мән береді. Мәселен, сарапшылардың бағалауы бойынша, ITD Hyngary жылдық бюждеті 5 млн. долл., PAIZ Pjland жылдық бюджетті 4,7 млн. долл., CzechInvest - 2 млн. долл. тұрады.

Мақсат. Бағдарламаны уақтылы, сапалы және тиімді іске асыру үшін жеткілікті деңгейде қаржыландыруды қамтамасыз ету.

Негізгі іс-шаралар. Жер қойнауын пайдалану және экономиканың басым секторлары саласында тиімді тікелей маркетингті жүргізу және инвесторларға жәрдемдесу үшін бәрінен бұрын Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің қызметін қаржыландырудың жеткілікті көлемі талап етіледі. Бюджеттік қаражаттың шектеулілігі жағдайында тікелей инвестициялар тарту саласында шығыстарды орынды үнемдеу, ұтымды пайдалану және нысаналы жұмсау жөнінде шаралар қабылдау қажет. Алайда мұндай қысқарту Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігін дербес мемлекеттік орган ретінде сақталуының орындылығына күмән келтірмеуі тиіс.

1999 жылы 2000-2005 жылдардағы кезеңге арналған тікелей инвестицияларды тартуды жандандыру үшін, оның ішінде елдің ішінде және шетелде жарнамалық-ақпараттық қызметті іске асыру үшін қаржы ресурстарының мөлшерін айқындау керек. Бюджеттік қаражаттың одан әрі қысқартылуы кезінде Бағдарламаны іске асыру үшін, оның ішінде сыртқы қаржы көмегін тарту арқылы қаржы қаражатының бюджеттен тыс көздерін іздеу ісін қолға алу керек.

## 5.3. Кадрлық қамтамасыз ету

Істің жай-күйі. Көптеген инвесторлар, орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдаудың қолданылып жүрген жүйесін, инвестициялық өтінімдерді беру және жер қойнауына арналған лицензияларды алу, келісімшарттарды жасасу, жобаны іске асыру кезінде экономиканың басым секторларына жеңілдіктер мен преференциялар беру тәртібін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігінің мәртебесін, өкілеттіктері мен функциясын жеткілікті түрде анық түсінбейді.

1998 жылдан бастап TACIS бағдарламасы техникалық көмек жобасына сәйкес Инвестициялар жөніндегі агенттігі мен "Қазинвест" РМК персоналының штатын даярлауда қолдау көрсетеді. Оның ішінде 1998-1999 жылдары тікелей инвестициялар тарту, маркетинг және жарнамалар, жобаларды бағалау, қоғамдық байланыстар мен баспасөзбен қарым-қатынастарды ұйымдастыру мәселелері бойынша, сондай-ақ

компьютерлік бағдарламалар мен ағылшын тілі бойынша арнаулы оқу курсы жүргізілді .

1998 жылы ЮНИДО өкілдерімен "Қазинвест" РМК базасында кәсіпкерлерді, мемлекеттік қызметшілерді және азаматтарды инвестициялық қызмет негіздеріне, бизнес-жоспарлар дайындауға, техникалық-экономикалық негіздемелер жасауға, келіссөздер жүргізуге және т.б. қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді курстарда оқыту үшін Халақаралық инвестициялық тренинг орталығын құру жөнінде алдын ала келісімге қол жетті. Қазіргі уақытта қажетті құжаттар қол қоюға дайындалып жатыр. Осы бағыттағы алғашқы іс-шара 1998 жылғы 9 қазанда "Қазинвест" РМК өткізген облыстардың және Астана және Алматы қалаларының әкімдері аппараттарының қызметкерлеріне арналған "Аймақтардың инвестициялық мүмкіндіктері: іс-қимылға апаратын қадам" семинары болды. Халықаралық стандарттарға сәйкес инвестициялық бизнес-жоспарлар жасау және талдау әдістемелері бойынша екінші семинар банк қызметкерлерінің, мемлекеттік қызметшілер мен жекеменшік кәсіпкерлердің қатысуымен 1999 жылғы наурызда болды.

Мақсат. Инвесторлардың, орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша біліктілігі мен құзырлық деңгейін арттыру.

Негізгі іс-шаралар. Орталық Азиядағы инвестициялық тренинг бойынша ЮНИДО аймақаралық орталығын құру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады. Осы орталықтың базасында инвестициялар тарту және ынталандыру COMPAR және PROPSIN арнаулы бағдарламалары бойынша ұлттық кадрларды оқыту жөнінде семинарлар өткізілетін болады, сондай-ақ ЮНИДО-ның түрлі орталықтарында мемлекеттік мекемелердің жоғары буыны үшін оқу турлары ұйымдастырылатын болады.

Жетекші жоғары оқу орындарының қатысуымен оқу процесі мен бағдарламаларына экономикалық, қаржы және заң мамандықтары студенттеріне арналған тікелей инвестициялар бойынша курстар мен бағдарламалар, сондай-ақ отандық және шетелдік инвесторлар үшін қысқа мерзімді курстар мен семинарлар әзірлеуді және оқу прцесіне енгізу ісін қолға алу керек. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясымен бірлесіп орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілері үшін, оның ішінде салық және кеден органдарының қызметкерлері үшін тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша арнаулы курс ұйымдастыру керек.

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігі "Қазинвест" РМК және Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Дипломатиялық академиясымен бірлесіп Сыртқыісминінің, елшіліктер мен дипломатиялық өкілдіктердің қызметкерлеріне арналған тікелей инвестицияларды тарту жөніндегі арнаулы курстары

ә з і р л е у н и е т і н д е .
Қазақстан экономикасына тікелей инвестициялар тартуды жандандыру үшін

Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі агенттігі "Қазинвест" РМК қызметкерлерінің біліктілік деңгейі мен беделін одан әрі көтеру ерекше мәнге ие болады. Осы мақсатты оқу курстарынан басқа ұлттық экономиканың дамуы үшін тікелей инвестицияларды табысты тартып жатқан елдердегі инвестицияларды қолдау жөніндегі осы секілді шетелдік агенттіктерде тәжірибе алмасу мен тағылымдамадан өтуді ұйымдастыруды көздейтін арнаулы бағдарлама әзірлеу қажет.

Қазақстан Республикасы
Үкіметтінің
1999 жылғы 1 шілдедегі
N 911 қауылысмен бекітілген

ЕСКЕРТУ. Жоспардан 31-жол алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 сәуірдегі N 509 қаулысымен.

P000509_

ЕСКЕРТУ. Жоспар өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.06.19. N 921 қаулысымен.

P000921_

Қазақстан Республикасында тікелей инвестицияларды тарту 1999-2000 жылдардың кезеңіне арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары

| N | Іс-шара | Аяқтау нысаны |
|---|---|---|
| 1. | 2. | 3. |

Инвестициялық ахуалды жақсарту

1. Нормативтік құқықтық базаны жетілдіру

| | | |
|---|---|---|
| 1. | Инвесторлардың мүдделері мен құқықтарын қозғайтын заң және нормативтік құқықтық актілердің жобаларын Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігімен келісу жолымен заң шығару процесінің траспаренттілігін қамтамасыз ету | Үкімет қаулысының жобасы |
| 2. | Келісу және рұқсат беру құжаттарына инвесторларға сұрау салу жүргізу;<br><br>Инвесторларға сұрау салу жүргізудің нәтижелері бойынша келісу және рұқсат беру құжаттарын алу рәсімін оңайлату жөніндегі шараларды айқындау | Сауалнама жүргізу;<br><br>Заң және нормативтік құқықтық актілердің жобалары |
